# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

25.10.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№41 (8155)



ÁLEÝMET — БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫ АНЫҚТАДЫ — 3-бет

ZERDE — ЕСТЕН КЕТПЕС ЕРЕКШЕ СӘТТЕР — 4-бет

RESMI — МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНДЕГІ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН БЕРУ ТӘРТІБІ — 5-бет

QOǴAM — ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН — 6-бет


РУХАНИЯТ

## «ӨНЕР ӨЛКЕСІНІҢ ЖЕЗКИІГІ»

*Жақсыкелді Сейілов атындағы республикалық ән байқауы мәресіне жетті*



**Қазақ халқының ардақты ата қонысы, киелі құтты шаңырағы Ұлытау мекені – өзіндей заңғар да мұзарт ұлдарды дүниеге әкелген құдіретті жер. Биіктікпен таласқан бекзада тау Ұлытаудың баурайында музыка аспанында қалықтап, өшпес әндерді зеңгір көкке әуелеткен Жақсыкелді Сейіловтің де кіндігі кесілген болатын. Алты айлығында ауыр derттің салдарынан қос жанары көрмей қалған ол, бесікте жатып-ақ тағдыр сынағына жолығады. Сегіз айлығында асылы анасынан да айрылады. Көз нұры келмеске кетсе де, көңіл шырағы сөнбеген Жақсыкелді Сейілов – тек Жезқазған-Ұлытау аймағының ғана емес, бүкіл Қазақстанның мақтанышы. Ия, кез келген адамнан нағыз өнерді сүйген, өмірге шын ғашық тұлға шыға бермейтіні анық. Сондай-ақ, кез келген сазгердің туындысы тыңдарман жүрегінен өшпес орын ала бермесі хақ. Жеті нотадан сыр ұғып, өнер аспанында әншілік пен сазгерлікті қос қанаты етіп қалықтаған Жақсыкелді ағамыздың есімі – мәңгілік сана төрінде, жүрек түкпірінде. Бәлкім, бұл – қасіреттен туған қасиетті өнердің құдіреті болар...**

Кезінде талай сырлы әуендерімен, сазды лирикалы әндерді жарыққа әкеліп, тек Жезқазғанда ғана емес, барша елге танымал болған «Қаракөз», «Жезкиік» ансамбльдерінің негізін қалаушы, республикалық «Жігер» фестивалінің, Бүкілодақтық көркемөнерпаздар конкурсының жүлдегері Жақсыкелді Сейілов көзі тірі болса биыл жетпістің желкенін керер еді. Небәрі 48 жас жасаған Жақаңның әндері қоңыр түске боялған күрең күз бен мысты шаһарды бір мезетте жадыратып сала берді. Жақсыкелді Сейіловтің туғанына 70 жыл толу мерейтойына арналып ұйымдастырылған «Өнер өлкесінің жезкиігі» атты республикалық әншілер конкурсы жақсы әнге шөліркіген қала тұрғындары мен қонақтарын ұлы сазгердің әндерімен сусындатып, рухани жан азығын сыйлады. Конкурс басында сазгердің өмірі мен шығармашылығына арналған деректі фильм көрермендер назарына ұсынылды. Жиналған жұртшылықты конкурстың ашылуымен құттықтаған Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова бейнематериалдың авторы, белгілі журналист Әшмұхан Жампейісовке ұйымдастырушылар тарапынан алғысын білдірді.

Конкурсқа қатысуға республиканың 8 облысынан, яғни, Қарағанды, Алматы, Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарынан жалпы 23 өтінім келіп түскен. Оның ішінде, Жезқазған қаласынан 5 конкурсант қатысты. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, сазгер, композиторлар одағының мүшесі Болат Есмұханов төрағалық еткен конкурсқа Қалибек Қуанышбаев атындағы академиялық музыкалық-драма театрының бас хормейстрі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Амантай Жұмашев, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің «Әуен» ансамбілінің солисті, Тәттімбет атындағы өнер колледжінің оқытушысы Сержан Мұсайын, Қазақстан Республикасы Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қырғыз Республикасының мәдениет қайраткері Әшмұхан Жампейісов және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Береке Көшенов қазылық етті.

►►*2-бетте*

## ФЕСТИВАЛЬ – КЕЗЕКТІ, МАҢЫЗЫ – ӨЗЕКТІ



**Бес күнге созылған Жанат Хаджиев атындағы ІІІ Халықаралық театрлар фестивалі өз мәресіне жетті. Жыл сайын қанатын жайып, ауқымы кеңейіп келе жатқан фестиваль театр өнерінің өміршең рухын асқақтатқан айшықты шараға айналды.**

Биылғы фестиваль көрігін қыздырған 8 театр арнайы дайындап әкелген қойылымдардың қай-қайсысы болмасын көрермендердің айтарлықтай зор қызығушылығын туғызды. Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының «Ұмытыңдар оны» («Герострат тірі екен») трагикомедиясымен ашылған қойылымдар одан әрі Шығыс Қазақстан облыстық драма театры ұжымы ұсынған Б.Мұқаевтың «Сергелдең болған серілер» комедиясына, А.Умуралиев атындағы Бішкек қалалық драма театры әртістері сахналаған Ж.Ануйдың «Сфорцандо» трагифарсына ұласты. Әрбір қойылым соңынан қазылар алқасы құрамындағы театр мамандары спектакльдерді жан-жақты әрі ашық талқылап отырды. Фестивальге Семейдің Абай атындағы Мемлекеттік қазақ музыкалық драма театры Иран-Ғайыптың «Адасқан бақ құсы» спектаклін әкеліпті. Режиссер Е.Төлеубайдың қоғамның шер-шемені іспетті бұл қойылымына байланысты екіұдай пікір білдірушілер болды. Негізінде, әртістердің сахнадағы ойын-өрнегі көпшіліктің көңілінен шықты. Кері кеткен патша-әміршіні сомдаған Бауыржан Төлековтің, Қосүрей (қыр арқасынан жабысқан сиамдық егіздер) рөліндегі Азамат Нұрғабыс пен Сәндібала Бекбаеваның, Бақ құсы болған Әлия Таңатарованың әртістік шеберліктеріне көрермен қауым ризашылығын білдірді. Өзбекстанның «Турон» Мемлекеттік әскери театры алдын ала ілінген жарнама бойынша Ш.Айтматовтың «Шынарым менің, шырайлым менің» драмасын қоюға тиіс еді. Өзбек өнерпаздарының қазақ көрермендеріне жақсы танымал, айтулы шығарманы сахналағандарына қуанып қалғанымыз рас. Алайда, басты рөлді сомдайтын әртістің келе алмауына байланысты олар репертуарды өзгертуге мәжбүр болыпты. Сөйтіп, фестиваль талқысына «Өлең» музыкалық драмасын ұсынды. Бір қарапайым отбасының салтанат құрған береке-бірлігі мен ұрпақ жалғастығы өлеңмен өріліп, музыкамен астасып әсерлі көріністермен берілуі көпшілікке ұнады. Сондай-ақ, Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрының Х.Мюллердің «Филоктет-Медея» трагедиясы, М.Вохидов атындағы Тәжікстан Мемлекеттік жастар театры сахналаған А. Фирдоусидің «Знамя Ковы» тарихи драмасы да өнер ұжымдарының өзіндік ізденістері мен ішкі мүмкіндіктерінің мол екендігін көрсетті.

►►*2-бетте*

## ЖАС КӘСІПКЕРГЕ – ҚОМАҚТЫ ҚОЛДАУ

**Қазіргі таңда еліміздің шағын және орта бизнесін өркендетуге атсалысуға ниетті тұрғындарға төменгі пайызбен несие рәсімдеу, қайтарымсыз гранттар мен субсидия беру мүмкіндіктері жасалған. Ал, былтырдан бері Жезқазған қалалық әкімдігі жас кәсіпкерлерге қолдау мақсатында алғаш рет жүлде қоры 1 млн. теңгені құраған грантты бөлген еді. Конкурстың нәтижесі бойынша грант иеленген 4 жезқазғандық жас ол қаражатты спорт саласын, атбегілікті дамытуға және ұстахана мен коворкинг орталығын ашуға жұмсады. Биыл да жалғасын тапқан қала әкімі грантының жүлде қоры 3,5 млн теңгеге жетті. Конкурсқа қатысушылардың да саны артқанын айта кеткен жөн. Конкурс комиссиясының отырысында 17 жас өз бизнес-жобаларын қорғады.**



Қала басшысының орынбасары Аманғали Мұхамбедин төрағалық еткен конкурстық комиссия мүшелігінде кәсіпкерлік саласының мамандары бар. Атап айтқанда, қалалық кәсіпкерлер палатасының директоры Жүрсінбай Лекеров, кәсіпкерлер қауымдастығының директоры Думан Жаманов, қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Кеңгірбай Смағұловпен қатар мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова, қоғамдық ұйым өкілдері Татьяна Драх, Қания Тұрсынбаева үздік жобаны анықтауға қатысты.

Болашақ кәсіпкерлердің дені сұлулық салонын ашуды мақсат етіпті. Дегенмен, үш жобаның ішінен Айдос Бапандікі даралanды. Оның қала ортасында орналасқан ғимараты бар. Енді қолдау тауып жатса қажетті құрал-жабдықтарды сатып алмақ. Жоспар бойынша сұлулық салоны соңғы үлгідегі ақылды айналармен жабдықталмақ. Ол өз кезегінде келушілерге қалаған шаш үлгісінің жарасатын, жараспайтынын анықтауға көмектеседі. Жезқазғанда әзірге мұндай қызмет жоқ. Кристина Гулястың да жобасы өміршең болады деген ойдамыз. Кеңгірлік жас кәсіпкер балаларды қосымша біліммен қамтитын орталық ашуды көздейді.

– Бүгінгі таңда Кеңгір селосында балаларға қосымша білім беретін орталықтар жоқ. Бала болашағын ойлаған ата-аналар оларды Сәтбаев пен Жезқазған қалаларына тасуға мәжбүр. Әрине, бұл қосымша қаржы шығыны мен уақытты талап етеді. Сондықтан, балалардың бәрі бірдей бос уақытын тиімді өткізуден қағылған. Орталық ашып жатсақ қазақ тілі мен ағылшын тілдерін оқытамыз. Сабақ құны қаладағыдан әлдеқайда төмен болады. Көп балалы отбасыларға арналған жеңілдіктер де қарастырылады, – деді.

Зарина Нұрманбаеваның да бизнес жобасы комиссия мүшелерін қызықтырды. Ол сегіз жылдан бері қала көркін кіргізетін жасыл желектер мен гүлдерді өсірумен айналысады. Астана, Алматы қаласында жемісті еңбек еткен кәсіпкер былтырдан бері Жезқазғанға қоныс аударған. Қазіргі таңда жеке тұрғын үй секторының тұрғындарымен етене жұмыс жасайтын ол қаланы көріктендіруге де атсалыссам дейді. Ол үшін арнайы егіс аймағы мен дүкен ашпақшы. Жер телімін жалға алуды рәсімдеп жатқанын алға тартқан ол аталған саланы жетік меңгергенін көрсетті. Әлішер Садырбаевтың да құлшынысы көз қуантады. Робот техникасын оқыту саласына икемделіп жүрген ол болашақта жеке меншік балабақша тәрбиеленушілерін осы салаға баулымақ. Ал, «SIRIUS» орталығының директоры Алексей Ли әкім грантын жеңіп жатсам орталыққа қажетті лего құрастырғыштарын сатып алатынын айтса, Сұлтан Жұмашев балаларды суретке түсіруге баулитын мектеп ашуды көздейді. Жастардың арасында кофейня мен шағын асхана, ерлер шаштаразын, қоқыс контейнерлерін жасайтын және металл өңдейтін цех, би студиясын, кір жуатын орталық, ауыр жүк көлігін жөндейтін сервис ашуға ниеттілер де бар.

Жоғарыда аталып өткен бизнес-жобалардың ішінен қайсысы суырылып шығатыны 15 қарашада Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өтетін марапаттау салтанатында белгілі болады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

## АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ ЖАҢАРҒАН ТҮРІ

***кімге, қалай беріледі?***

2020 жылдан бастап Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмек төлеудің жаңа тәсілдемелері жұмыс істей бастайды. Көмек көпбалалы аналарға көрсетіледі. Бұл орайда, көмек мөлшері отбасындағы балалардың санына байланысты болады: бала неғұрлым көп болса, көрсетілетін көмек мөлшері де соғұрлым жоғары болмақ.

**1. Көпбалалы отбасыларына мемлекеттік жәрдемақы**

– отбасыларында 4 немесе одан жоғары кәмелетке толмаған жасөспірім немесе күндізгі бөлімде оқитын 23 жасқа дейінгі азаматтары бар көпбалалы отбасыларына

– табысына қарамастан тағайындалады

– отбасындағы бала санына қарай, дифференциалды көлемде:

**– 4 балалы - 42 500 тенге**

**– 5 балалы - 53 125 тенге**

**– 6 балалы - 63 750 тенге**

**– 7 балалы - 73 375 тенге**

**2. Атаулы әлеуметтік көмек**

АӘК жаңа тәсілдемелері

– АӘК тоқсан сайынғы төлемді қайтару.

– АӘК мөлшері кедейлік шегі мен жан басына шаққандағы табыс арасындағы айырмашылық түрінде барлық отбасы мүшелеріне тағайындалады.

– Отбасындағы еңбекке қабілетті азаматтар жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларынан бас тартқан жағдайда талапты күшейту ( АӘК көмек алушы ғана емес, отбасының басқа да мүшелері АӘК алу құқығынан айрылады. )

– Бала күтімімен отырған анаға баласы үш жасқа толғанда белсенді жұмыспен қамту шараларына қатысуына мүмкіндік береді.

– Учаскелік комиссиялардың жұмысын күшейту :

– Отбасының материалдық жағдайын тексеру мерзімін үш күннен жеті күнге дейін ұзарту.

– Учаскелік комиссиялар үшін атаулы әлеуметтік көмекке қажеттілікті анықтау критерийлерін бекіту құзыретін айқындау

– Учаскелік комиссияның қорытындысы бойынша АӘК ұсынудың қажеті жоқ отбасыларға көмек тағайындаудан бас тарту негіздерін Заң деңгейінде бекіту

**3. Кепілдендірілген әлеуметтік пакет**

– Аз қамтылған отбасындағы мектепке дейінгі 1-ден 6-жасқа дейінгі балаларына көмек (азық-түлік жиынтықтары, гигиеналық құралдар).

– Аз қамтылған отбасындағы мектепке дейінгі жастағы балаларын мектеп киімдері, оқу құралдарымен қамтамасыз ету.

– Аз қамтылған отбасындағы мектеп жасындағы балаларына ақысыз ыстық тамақ.

– Аз қамтылған отбасындағы мектеп жасындағы балаларға жол жүру шығындарын өтеу.

**Жезқазған қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы**




ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТУ МАҚСАТЫНДА



**Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов әкімдік ғимаратында мемлекеттік қызметкерлермен кездесті. Жиында екі мәселе қарастырылды. Оның бірі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру болса, екіншісі – атаулы әлеуметтік көмек жайы.**



Биыл 1 қыркүйектен бастап Қарағанды облысында іске қосылған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жобасы негізінде қаламызда ақпарттық-түсіндіру тобы құрылған болатын. Соның негізінде мемлекеттік мекеме басшыларымен, № 1, 2, 5, 6, 9, 10, 11, 12, 32 мұнай бұрғылау бөлімшелері, № 1, 2 байыту фабрикалары, «Қазақтелеком» АҚ, банктер, мектептер мен мектептен кейінгі білім беру мекемелері және медициналық көмек көрсету орталықтары ұжымдарымен 60-қа жуық кездесу ұйымдастырылды. Сондай-ақ, қыркүйектің ортасынан бастап «Плаза», «Гранд Стивал», «Органик», «Самаз», «Астана» сауда орталықтарында «Денсаулық бұрышы» ашылып, жедел қызметті қамтамасыз ететін «Damu Med» мобильді қосымшасына тіркеу жұмыстары жүргізілуде. Аталмыш қосымшаға қазіргі күнге дейін 24 621 қала тұрғыны тіркелді.

– Жезқазған қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі отбасылық дәрігерлік амбулаториялармен тығыз байланыс орнатып, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру көмегі көрсетілетін тұрғындар тізімін жасауда. Аталған мониторинг нәтижесінде отбасылық дәрігерлік амбулаторияларға тіркелмеген 2758 тұрғын анықталды. Келесі аптаның соңына дейін тағы 503 тұрғын туралы мәлімет тізімге енетін болады, – деді баяндама барысында Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің бас маманы Марфуға Ембергенова.

Сондай-ақ, қала көшелерінде және бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік медициналық көмек туралы хабарламалар күнделікті жарияланып отырғанын жеткізді.

Қала тұрғындарына көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек туралы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйлә Әлкебаева баяндама жасады. Оның айтуынша, 2019 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 714 отбасыға 263 364,5 мың теңге көлемінде атаулы көмек тағайындалған. Жыл соңына дейін тағы 106 227,5 мың теңге көлемінде көмек көрсетілетін болады.

Жұмыссыз қала тұрғындарын кәсіппен қамтамасыз ету шаралары да ұмытылмақ емес. Қазіргі таңда қоғамдық жұмыстарға – 20, әлеуметтік жұмыс орындарына 7 тұрғын орналастырылып, 61 тұрғын тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, 32 тұрғын қысқа мерзімді оқыту курстарынан өтті.

Сонымен қатар, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы негізінде көп балалы отбасы мүшелері арасында бизнес жоспарларының конкурсы ұйымдастырылған болатын. Соның нәтижесінде, екі көп балалы отбасы 505 000 теңгелік грантқа ие болды.

Шара соңында қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова әр аптаның бейсенбі күні барлық мемлекеттік мекеме басшыларының қатысуымен Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде ашық есік күні өтетіндігін және онда міндетті әлеуметтік медициналық көмек және міндетті атаулы көмек туралы толық ақпарат берілетіндігін хабарлады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРІНІСІ

**Жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін жастарды алаңдататын басты мәселелердің бірі – жұмысқа орналасу. Осы орайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталатын Жолдауында ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасының жер мен көктей екендігін айта келе, ауылдық жерлерге капитал құю керектігін атап өткен-ді. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында медициналық қызмет сапасын арттыру, ем-дом шараларын қол жетімді ету міндеті қойылды. Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру осы мақсатқа жетудің бірден бір жолы ретінде қарастырылуда.**

«Үкіметке «Ауыл – ел бесігі» жобасын жүзеге асыру үшін биыл бөлінген 30 миллиард теңгеге қосымша алдағы жыл ішінде 90 миллиард теңге бөлуді тапсырамын» деген Президент бұл қаржының көлік, ауыз су, газ сынды инфрақұрылымдық мәселелерге және мектеп, аурухана, спорт алаңдарының құрылысына жұмсалатындығын айтқан болатын. Осы орайда университет жастарымен кездескен Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Арман Кенжебек жоғары курс студенттеріне ауылдық жерлерге барып, жұмыс жасауды ұсынып, осыған байланысты жүзеге асырылатын «Дипломмен – ауылға» жастар бағдарламасы туралы да толығырақ мәлімет берді.

– Еліміз жастарды қолдау мақсатында түрлі тиімді жобалар әзірлеуде. Солардың бірі – орта бизнес ашқан кәсіпкерлерді үш жыл салықтан және мониторингтерден босатты. Бұл – жаңадан кәсіп бастауға ниетті жандар үшін үлкен көмек. Мемлекет тарапынан көрсетілген көмектерді тиімді пайдалана білулеріңіз керек, – деді өз сөзінде Арман Кенжебек.

Сондай-ақ, ол студент жастардың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі, бейбіт митингілер ұйымдастыру, азаматтық сенімді қоғам құру, медициналық көмек алудың жаңа жүйесі, жұмыспен қамту, экономиканы әртараптандыру сынды сауалдарына жауап беріп, олардың Жолдауға қатысты пікірлерін тыңдады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# КӘСІПОДАҚ КӨШБАСШЫЛАРЫ

*марапат төрінен табылды*

**Үкіметтің қаулысына сәйкес 10 қазан кәсіподақтар күні деп бекітілген еді. Биыл алғаш рет аталып өткен кәсіби мерекеге орай Жезқазған қалалық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымы қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекованың қатысуымен салтанатты шара өткізді.**



– Бүгінгі таңда барлық бастауыш ұйымдарында ұжымдық шарттар мен әлеуметтік әріптестік туралы келісімдер қабылданған. Сонымен қатар, қала әкімімен кәсіподақ ұйымдары және жұмыс беруші арасында үшжақты меморандумға қойылған. Бұл құжаттарға сәйкес еңбекшілердің құқықтары мен мүдделерінқорғаумен қатар, кәсіподақ мүшелерін сауықтыру, әлеуеттік-мәдени және спорттық іс-шаралар өткізу, жұмыс орындарындағы еңбек заңдылығының сақталуын қадағалау, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты қарастырылған, – деп кәсіподақ ұйымының жұмысымен таныстырған Ләззат Күнеділова жиналған әріптестерін құттықтады.

Кез келген кәсіподақтың күш-қуаты – оның бастауыш кәсіподақ ұйымдарында. Сондықтан, құттықтау сөзін алған Зина Жұманазарқызы кәсіподақтың негізгі тыныс-тіршілігі еңбек адамының мүддесін қорғау екенін айта келе бастауыш кәсіподақ ұйымдардың көшбасшыларына марапат ұсынды. Марапат төрінен табылғандардың алғашқысы №4 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Любовь Орехованың кеудесіне «Еңбек ардагері» медалі тағылса, білім және тәрбие беру мекемелерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы төрайымдары қала әкімінің Алғыс хатын иеленді. Көрсетілген құрметке риза болысқан педагогтер атынан №8 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бақтылы Бекбергенова:

«...Кәсіподақ еңбеккердің қорғаны,
Тым жоғары оның бедел-салмағы.
Бұл ұйымды арқа тұтса бір адам,
Онда оның еңбегінің жанғаны», –

деп жырдан шашу шашты.

Салтанатты жиын Жезқазған қалалық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының кезекті отырысымен жалғасты. Күн тәртібінде кәсіподақ мүшелерінің демалысын ұйымдастыру мен III тоқсанда жұмсалған қаржының есебі тыңдалып, техникалық инспекторлар мен еңбекті қорғау кеңестерінің жұмыс қорытындысы шығарылды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫ АНЫҚТАДЫ

**Президент Жолдауын ақпараттық-насихаттау тобы Жезқазған технология және сервис колледжінің ұжымымен кездесті. Жезқазған бизнес және көлік колледджінің тарих пәнінің оқытушысы Надежда Дисекенова жетекшілік еткен жұмыс тобы жиын барысында жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар, оларды жұмыспен қамту, үкімет пен халық арасында тиімді байланыс орнату, сонымен қатар, қоғамға аса қауіпті жыныстық зорлық-зомбылық, есірткі, адам саудасы, әйел адамдарға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы сөз етіп, олардың алдын-алу және мүлде болдырмау жұмыстары туралы кеңінен тарқатты. Надежда Дисекенова алаңдатқан жайттардың бірі – қазақ тілінің мәртебесі.**

– Мен Ресейде тудым. Орысша білім алдым. Қазақстанға қоныс аударғанда бір ауыз қазақша білмейтінмін. Бірақ, адамда шын ниет болса, алынбас асу болмайтындығына көзім жетті. Қазір қазақша өте жақсы білемін. Сол себепті сізderден де қазақ тілін шұбарламай, оның қолданыс аясын кеңейтіп, мәртебесін жоғарылатуды өтініп сұраймын, – деді ол өз сөзінде.

Сондай-ақ, Жолдауға қатысты өз пікірін білдірген колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ақмарал Тәкішова Жолдауда аталған «Азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету» бөліміне тоқталып, жергілікті ішкі істер басқармасы қызметкерлерінің жұмысына қатысты көңіл толмаушылығын білдірді. Олар халық арасында үркітуші қызметін емес, қорғаныш қызметін атқару керек деген ұсынысын білдірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**




# АҚПАРАТТЫҚ ТОП МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

**Жезқазған гуманитарлық колледжінде «Қазақстан азаматтары» ҚБ-нің ұйымдастыруымен кездесу өтті.**

Қарағанды облысы дін істері басқармасының әлеуметтік тапсырысы негізінде мәдениеттанушы, Қарағанды политехникалық университетінің оқытушысы Жарқын Түсіпбеков пен «Дін және заман» журналының журналисі Светлана Свич жергілікті ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелері және журналист, блогерлермен кездесті. Кездесуге мемлекеттің дін саласындағы саясаты, деструктивті діни ағымдардан қорғану, ұлттық құндылықтар мен тарихи жады сынды тақырыптар өзек болды.

Сондай-ақ, жиын барысында қонақтар жаңа медиа құралдарын тиімді пайдалану, әлеуметтік желілермен жұмыс істеу тәсілдері туралы да сөз қозғады.

**Өз тілшіміз**

*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

# ЖАҢА ӘЛІПБИ: олқылықтар қандай, озатын тұсымыз қайсы?

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 21 қазанда өзінің Twitter әлеуметтік желісіндегі парақшасында латын қарпіне негізделген жаңа қазақ әліпбиінің жобасында олқылықтар барын айтып, тіл саясатына жауапты ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне әліпбиді жетілдіру туралы тапсырма бергенін жазды. Осы орайда біз де оқырманға ой салу, Президент ұстанымына қолдау білдіру мақсатында тілші ғалымдар, филолог мамандар арасында шағын сауалнама ұйымдастырдық. Төмендегі сұрақтарға филология ғылымдарының кандидаты, Жезқазған қаласындағы «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының директоры Ғазиз Ештанаев пен жас ғалым, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті жанындағы «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Арман Кенжебек жауап береді.**

***1) Сіз соңғы ұсынылған нұсқадағы қандай олқылықтарды атаған болар едіңіз?***

***2) Латыннегізді қазақ әліпбиінде басты ұстаным қандай болуы керек деп санайсыз? Осыған дейінгі талқылауларда бір топ «Жаңа әліпбидегі әріптер саны ағылшын тілі әліпбиіндегі, бүгінгі компьютер клавиатураларындағы 26 латын әрпінен аспағаны жөн» десе, енді бір топ «Қазақ тіліндегі барлық дыбыстар қамтылуы үшін әр дыбысқа бір-бір таңбадан берілуі керек» дейді. Сонымен бірге, ғалымдар мен басқа да бастамашылар осыған дейін ұсынған, түрік, әзірбайжан, өзбек үлгісіне жақын нұсқалар да әр жерде көрініс беріп қалады. Сіз бұл пікірлерге қатысты не айтасыз?***

***3) Осы жазу реформасын пайдаланып, жаңа әліпбиден қазақ тіліне жат дыбыстарды (Ч, Щ, Ё, Я, Ю, В, Э, Ц, У (дауысты), И (дауысты), Ф, h) алып тастау керек» деген де ой айтылып жатады. Бұған не дейсіз?***

**Ғазиз ЕШТАНАЕВ,**
**филология ғылымдарының кандидаты, «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының директоры:**

### *«Әліпби әзірлеу – ойыншық құрастыру емес»*

1) Латыннегізді жаңа әліпбиді қолданысқа енгізу – уақыт талабынан туындаған жайт және бұл бастама көпшіліктің тарапынан қолдау тапты. Ал жаңа әліпби нұсқасы қалай жасалу керек, қандай болу керек, мұндай реформаны ертерек бастаған елдердің қайсысының тәжірибесіне сүйенуіміз керек? Ойландырған, ойландыратын мәселе – осы.

Бүгінгі күнде қабылданған нұсқаға дейін де түрлі үлгілер ұсынылды. Олар қабылданбады. Бұл – заңды құбылыс. Әліпби әзірлеу – бөлшектерді жинап, ойыншық құрастыру емес. Әліпби кез келген халықтың тілдік ерекшелігіне қызмет ету керек, оңтайлы болу керек.

Қабылданған жаңа әліпбиіміз қолданыс, тәжірибе барысында кейбір тұстарды қайта қарау керек деген мәселелерді күн тәртібіне алып шықты. Өз басым жаңа нұсқаны қайта қарау мәселесін қолдаймын.

Сұрағыңызға нақты жауап берсек, біріншіден, диакритикалық таңба болып саналатын акутты қолданудың қажеті жоқ. Акут – екпіннің (ударение) таңбасы болып қалыптасып қалған. Қазақ тілін үйреніп жүрген орыстілді өзге ұлт өкілдері оны бірден екпін деп танып, **Ұлы, үйшік, әдемі** деген сөздерді бірінші буынға екпін түсіріп оқуы әбден мүмкін. XX ғасырдың бас кезіндеге қолданылған латыннегізді әліпбиде **Ұ** дыбысы үстінде сызықша түріндегі диакритикалық таңбасы бар **У** таңбасымен берілген-ді. Сол сызықша анық түспей қалып, **Ұлы Сталин** деген сөз **Улы Сталин** болып басылып кетіп, газет редакторы жауапқа тартылып, жазасын алғаны туралы университеттегі ұстазымыздан естігеніміз бар еді. Айтпағым: диакритикалық таңбаларды қолданбаудың жолын қарастыру керек.

Екіншіден, жаңа әліпбидегі **И** мен **І** таңбаларын ауыстыру қажет сияқты. Ағылшын тілі әліпбиінің ізін сақтай берсек, артықтығы болмас еді.

Үшіншіден, **У** дыбысының таңбасына **W** таңбасы сұранып тұрған сияқты. Алда-жалда В дыбысын әліпбиден алып тастар болсақ, табиғаты шендес **В** және **У** дыбыстарын осы таңба алмастыра берер еді «Ватсап – уатсап деген сияқты). Дұрысы - **В** дыбысына тиіспеу. Владимир Васильевич деген орыс тамырыңызды Уәләдимір Уәсілоуич деп шақырып тұрғаныңның қаншалықты тиімділігі бар?

2) Қазақ тіліндегі дыбыстарды компьютер пернетақтасындағы 26 әріптің көлемінде таңбалау керек деген пікірді қолдау керек сияқты. Неге? Егер «Бір дыбысқа бір таңба» ұстанымын алға тарсақ, онда қазақ тіліндегі дыбыстар пернетақтадағы 26 әріпке сыймайды. Демек, не диграф, не акут, болмаса басқа да айрықша таңбалар белгілеу қажет болады. Меніңше, диграфтан қашудың жөні жоқ. Үш, төрт таңбамен бір дыбысты белгілеп жүрген елдердің (ағылшын, неміс тілдері) тәжірибесінен қашпауымыз керек. Ақыр әлемдік ағысқа еркін қосылуды мақсат еткен екенбіз, онда пернетақтадағы 26 әріп белгіленген түймешелірдің мүмкіндігін пайдаланған жөн.

3) – **Щ, Ё, Я, Э, Ц, Ф, h** дыбыстарын алып тастау төңірегіндегі мәселенің тоқ етер сөзін фонетик ғалымдар айта жатар, меніңше, **Щ, Ё, Я, Э, h** таңбаларын алып тастаудан келетін зиян жоқ. **ШШ, ИО, ИА, Е, Х** дыбыстарымен алмастыруға болады. Ал **Ч** дыбысы қазақ тіліне тән емес, алып тастау керек деген пікірмен келісе қоймаймын. **Ч** – қазақ тілі арсеналында бар дыбыс. Мысалы: айтшы – айтчы, кетші – кетчі т.с.с. Сонан соң, мысалы, **Ц** дыбысын әліпбиден алып тастасақ, **Цветков** деген фамилияны **Светков** деп қалай жаза аламыз, сөз түбірі әуелгі мағынасынан ауытқып кетпей ме?

Дауысты **У**, дауысты **И** деп танылған дыбыстар бар. Егер бұл дыбыстауды осылай деп ерекшелеуден қашсақ, онда бұл дыбыстардың алдына **Ұ, І** дыбыстарын тіркеп жазу керек. Өйтпейінше **улы, ине** деген сөздерді бір буынды сөздер деп тануымыз керек. Ал, жоқ, бұлар екі буынды сөздер десек, онда **ұулы, іине** деп жазуымыз қажет. Аталмыш екі дыбыстың да өз таңбасы бар, ал оларды дауысты, дауыссыз деп жіктеу – емле ережесі ішінде шешілетін мәселе.

Иә, Мемлекет басшысы біз күтіп жүрген өзекті мәселені қайта қаузады. Орынды. Енді тілші-ғалымдар қайта айналып соқпайтындай етіп түзетулер жасаса деген тілек бар.

**Арман КЕНЖЕБЕК,**
**Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі:**

### *«Тіліміздің төл заңдылықтары мен техникалық талаптар қатар ескерілуі керек»*

1) Рас, соңғы ұсынылған нұсқадағы олқылықтар көзге оғаш көрінбесе де, қоғамда екі жақты көзқарас тудырған тұстары бар және ол нақты қазақ тілінде белсенді қолданылатын дыбыстарды таңбалауға қатысты болып тұр. Тоқталып өтетін болсақ: «і» дыбысының бас әрпі мен «И» әріпін бір «І» таңбамен белгілеген. Мәселен, Иле (етістік) және Іле (зат есім) сөздері бас әріппен латын графикасында Ile деп бір нұсқада жазылады. Ахмет Байтұрсынұлының емлесі бойынша қазақ тіліндегі І,і; Ы,ы; И,и (Й,й); У,у дыбыстары қазақтың артикуляциялық табиғатына тән, сөйлеу мәнеріне сай орныққан дыбыстар. Сондықтан латыннегізді жаңа әліпбидің соңғы нұсқасындағыдай «И, и», «Й, й», «І, і» дыбыстары бір «І, і» таңбамен белгіленсе «і» дыбысының табиғаты бұзылып, қолданысы тарылып қалуы әбден мүмкін. Одан бөлек «У,у» дыбысының қазіргідей «Ý ý» деп емес, ағылшын әліпбиіндегідей «U u» болып таңбаланғаны ойға қонымды болушы еді.

2) Жалпы латыннегізді қазақ әліпбиіндегі басты ұстаным – біріншіден оның төл дыбыстарымыздың табиғатын сақтауы, екіншіден компьютер клавиатурасына оңай орналасып, жеңіл жазылуы керек деп ойлаймын. Алғашқысы ана тіліміздің дербестігі мен тазалығының сақталуын қамтамасыз етсе, екіншісі қазақ тілін ғылым мен технологияға енгізудің ең маңызды қадамы болар еді.

3) «Осы жазу реформасын пайдаланып, жаңа әліпбиден қазақ тіліне жат дыбыстарды (Ч, Щ, Ё, Я, В, Э, Ц, У (дауысты), И (дауысты), Ф, h) алып тастау керек» деген де ой айтылып жатады. Бұл пікірмен толық келіспеймін. Себебі В, У, И (Й), Ф, Ч дыбыстары жұртшылық жиі қолданатын гиперактивті сөздерде кездеседі. Ал Ё, Я, Ю сияқты дифтонг дыбыстарды таңбаламай-ақ, қалай естілсе солай жазуға болатынын тәжірибеден жақсы білеміз. Бұл ережені Щ дыбысы аз кездесетін тіліміздегі кейбір сөздерге де (ащы, тұщы, кеще т.б.) қолданса болады.

Қалай болғанда да қазақ тілінің жаңа әліпбиі ана тіліміздің тіл заңдылықтарына икемделіп әрі UNICOD стандарттарына (компьютер клавиатурасындағы әріптер мен символдарды таңбалаудың бірыңғай коды) сай болатындай ерекшеліктерді қамтуы керек. Жаңа әліпбидің қазіргі нұсқасын жалпы мақұлдағанымызбен, кей әріптерге ішінара түзетулер қажеті екені дер уақытында аңғарылды. Енді тілші ғалымдар акутты әліпбидегі олқылықтардың орнын толтырады деп сенеміз. Ең бастысы тіл тағдыры – ел тағдыры екенін естен шығармағанымыз жөн.

**Латын графикасына негізделген қазақ тілі ӘЛІПБИІ**

| № | Жазылуы | Дыбысталуы | № | Жазылуы | Дыбысталуы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | A a | [а] | 17 | Ń ń | [ң] |
| 2 | Á á | [ә] | 18 | O o | [о] |
| 3 | B b | [б] | 19 | Ó ó | [ө] |
| 4 | D d | [д] | 20 | P p | [п] |
| 5 | E e | [е] | 21 | Q q | [қ] |
| 6 | F f | [ф] | 22 | R r | [р] |
| 7 | G g | [г] | 23 | S s | [с] |
| 8 | Ǵ ǵ | [ғ] | 24 | T t | [т] |
| 9 | H h | [х], [һ] | 25 | U u | [ұ] |
| 10 | I i | [і] | 26 | Ú ú | [ү] |
| 11 | I ı | [и], [й] | 27 | V v | [в] |
| 12 | J j | [ж] | 28 | Y y | [ы] |
| 13 | K k | [к] | 29 | Ý ý | [у] |
| 14 | L l | [л] | 30 | Z z | [з] |
| 15 | M m | [м] | 31 | Sh sh | [ш] |
| 16 | N n | [н] | 32 | Ch ch | [ч] |

*Әңгімелескен*
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ТАЙЖАН ҚАЛМАҒАМБЕТОВТІҢ ТУҒАНЫНА 140 ЖЫЛ

# ӨРКЕНДЕГЕН ӨНЕРДІҢ ШАҢЫРАҒЫН КӨТЕРІСКЕН

**Сарыарқаның саңлақ ақындарының бірі, тамаша сазгер, ұлттың дәстүрлі өлең жырларының, қиссалардың үздік орындаушысы, дала сахнасындағы ат ойыны, ауызекі әзіл менептілік өнерінің ғажап шебері Тайжан Қалмағамбетовтің туғанына 140 жыл толып отыр. Көз көргендер Тайжанды «Таусылмайтын ән қоймасы», «Қазақ мәдениетінің алтын күмбезін көтерісуге атсалысқан тұлға» деуі әбден орынды, алайда 1937 жылғы қуғын-сүргінге ілігіп, тарихта әлі күнге дейін өз орнын алмай жүрген нар тұлғалардың бірі. «Ақын Тайжанның теңіздей телегей, мұхиттай шексіз мол мұрасының қолда бары шағын көлшіктей ғана» деп жазады Кәкімбек Салықов «Сақ-сақ күлсін сырнайым» атты еңбегінде.**



Қазақстанның Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында Тайжан туралы мағлұматтар бар. Соның бірі – «1936 жылғы Мәскеудегі қазақ көркемөнерінің онкүндігі» атты жинақ. Бұл жинақта Тайжанның өлеңдері бар. Оның «Серго» атты өлеңін Павел Николаевич Кузнецов аударған екен. «Литературный критик» 1937 жылғы №5 санында белгілі аудармашы, жазушы Константин Алтайский «акын Советского Казахстана» деген мақаласында Тайжан Қалмағамбетовтің ақындығын айта келіп, өлеңдері орыс, украин, белорус, тағы басқа да тілдерге аударылғанын әңгімелейді.

1970 жылдардан бастап қана ақынның асыл бейнесін айқын сипаттауға жол ашылды. 1972 жылы филолог Шамқан Рахметов Тайжан поэзиясы тақырыбына диплом жұмысын қорғады. Бұл Тайжан Қалмағамбетов жайлы ғылыми негізде жазылған еңбек болатын. Ақынның өмірі мен шығармашылық жолын кеңінен зерттеген өлкетанушылар – Сүтемген Бүкіров, Өмірбек Мұқанов. Музыкалық өнеріне келсек, Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі Ғалым Мұхамедин Тайжан әндерін жинақтап, оны халық арасына таратуда үлкен еңбек сіңіріп жүр.

Академик Қаныш Сәтбаев ақын Тайжанның шығармашылығына: «Тайжан Қалмағамбетов – қазақ мәдениетін жоғары көтеріп, дамытуға үлес қосқан жан. Өркендеген өнердің шаңырағын көтеріскен дарын иесі» деп баға береді. Жазушы Сәбит Мұқанов «Тайжекеңнің өте жақсы білетіні – ән. Арқаның Біржаны, Ақан сері, Балуан Шолақ, Ғазиз, Құлтума сияқты атақты композиторларының әндерінен білмейтіні жоқ. Тайжанның ерекше көп білетіні – туған Ыбырай Сандыбайұлы әндері. Тайжанның өзі де халық арасына кең тараған тамаша әндерді шығарды. Тайжан халықтың таусылмайтын ән қоймасы, сарқылмайтын тау бұлағы» деп ақын ақынның ерекше өнерін бағалап, сипаттама береді, әрі айрықша дарындылығын атап өтеді. Ал, драматург, халық жазушысы Шахмет Құсайынов: «Тайжанның Қыр мен Сырға аты мәлім, өзгеше, әнінің мәнері өзіне тән ақын – әнші. Оған қоса Тайжан әзілқой, сықақшы, көпті күлкіге кенелтіп отыратын жан» деп Тайжекеңнің ақындық та, әншілік өнерін өзгеше бір қырынан танытады.

Халық ақыны Кенен Әзірбаев «Әні де Тайжекеңнің ерекше, ағып айтатын, төгіп сөйлейтін. Тайжанда талабына серік өзінің домбырасы, гармоны, қобызы да бар болатын» деп ақын Тайжанның өнері жайлы ерекше сүйіспеншілікпен, тебірене еске алады.

Сыр ақыны Нартай Бекежанов «Тайжанға деген халық сүйіспеншілігі көл-дария, оның елге деген махаббаты одан да зор. Менің табынатыным – оның әні, шебер сөздері, әсем дауысы. Мен Тайжанды ұстаз тұтамын, ғұмыр бойы мақтан етемін. Тайжан әні кең құлашты, кербез, нәзік лирикалық, терең сырлы шырайлы шығармалар. Даусы құлаққа қонымды. Әуені әсерлі де мөлдір, үні – асқақ, тыңдаушылары әрдайым сүйсініп, сүйіп тыңдайтын еді». Бұдан біз ақын Тайжанның ақындық, әншілік, саз өнерімен ұстаз ретінде өзгелерді де сусындатып, бойындағы өнерін замандастарына, ұрпақтарға ұсынып, бар асыл қазынасын халқына қалдырған нар тұлға деп қорытынды жасауға болады.

Осы жерде айта кететін бір мәселе, Тайжан ақын қазақтың кең байтақ жерінің солтүстігіне де, оңтүстігіне де үлгі болып, екі жақтың ән дәстүрін байланыстырушы дәнекер, «алтын көпір» болған мәдени қайраткерлердің бірі. Оған мынадай деректерді келтіргім келеді, бала Тайжан 1894 – 1895 жылдары Сандыбай нағашысының мекені Жалғызтауда екі жылдай болады, Көкшеде Үкілі атанған Біржан сал, Ақан серінің айрықша ықыласына өнерінің арқасында бөленген, отыздан жаңа асқан Ыбырайдың қасында болып, тәлім-тәрбие үлгі алады. Кезегінде Тайжан да, әлі жас та болса Арқаның әндерін айтып, суырып салып шығаратын ақындық өнерін көрсетіп отырады.

Екіншіден, ұлттық дәстүрдегі Тайжан поэзиясы XX ғасырдың 20-30 жылдарында нағыз биікке көтерілді. Осы кезеңде ақын ел ішіндегі жандайшап, пысық, белсенділермен де бетпе-бет келіп, айтыс-тартысқа түсіп қалып жүрді. Ақынның осы жағдайы, оның 1932 жылы Түркістанға көшіп кетуіне себеп болса керек. Қызылордада да біраз уақыт тұрады. Ақынның өмірінің осы сәттерінде де оңтүстіктің жыр сүлейлерін, өнерпаздарын өзінің дарынымен, ешбір ақынға ұқсамайтын дара ерекшелігімен, шеберлігімен тәнті етіп, тамсандырғаны, мойындатқаны анық.

1934 жылы маусым айында Алматыда ұйымдастырылған халық өнерпаздарының I слетінде еліміздің барлық өңірінен жиналған хас дарындар арасында Тайжан ақын алмастай жарқылдады. Сол жерде ақын алғаш жыр алыбы Жамбыл Жабаевпен кездесіп, достықтарын соңғы күндеріне дейін жалғастырды. Тайжанның өнеріне тәнті болған өкімет басшылығы сол жылғы 21 маусымдағы қаулысымен республика Жоғарғы кеңесінің грамотасымен марапаттап, дербес зейнетақы беруге шешім етті. Тайжан Қалмағамбетұлының есімі Жамбыл Жабаевпен жарыса аталып, өлеңдері баспасөзде жарияланды.

Екі жылдан кейін ақындардың II слетінде Тайжан өзінің ұлы Әшімхан Қалмағамбетовпен бірге қатысады. Тайжан өміріндегі ұмытылмас оқиға оның Мәскеуде өтетін қазақ өнерінің алғашқы онкүндігіне баратын 350 адамның қатарында аталды. Оның бұрыннан армандаған арманы сол кездегі астана – Мәскеуді көру еді. Бұл тілегі орындалды. Осы жерде жүріп Одақтың ең басты газеттері «Правда», «Известие», «Литературная газета» сынды баспасөз беттерінде жарияланған өлеңдері, өкімет тарапынан арнайы тағайындалған дербес зейнетақыдан да қымбат құрмет болатын.

Қазақ музыкасын зерттеу ісіне үлкен үлес қосқан, Қазақ АКСР-ның халық артисі А.В.Затаевичпен танысады. А.В.Затаевич Тайжанның үш өлеңін жазып алады.

Орыстың әйгілі ақындары Павел Кузнецов, Константин Алтайскийлер ақынның өлеңдерін аударып, бүкіл одаққа атағын паш етті. Бұл сапардан Жамбыл Жабаев орденмен оралса, Тайжан Жоғары Кеңестің Құрмет грамотасымен марапатталады. Сол сапарын жыр еткенде:

Әнім бар «Сақ-сақ» баға жетпес,
Әйгілі «Гәккуге» ол болар теңдес.
Мәскеуде онкүндікте сахна ашып,
Құрдас-көсем Сталинмен болдым дәмдес, –
деп серпіледі.

1937 жылғы зобалаң Тайжан ақынды алпыс жастың асқарына іліктірмей қиып түседі. Тайжан Қалмағамбетовтің атылған уақыты белгілі болғанымен оның қаза болып, көмілген жері белгісіз. Осы жағдай туралы деректер де әртүрлі. Бір деректерде Тайжан 1938 жылы ақпан айында Магадан маңайында этаппен алып бара жатқанда кездейсоқ аурудан вагон ішінде қайтыс болды делінген. Екінші құжатта Теректі стансасының бойында атылды делінсе, ал келесі бірінде НКВД-ның №11193 ісі бойынша Қарсақбайда «үштіктің» шешімімен атылды делінген.

Қасымхан Қалмағамбетовтің айтуынша, «10 жылға сотталды деген Тайжан 1937 жылы 22 шілдеде ұсталып, сол жылы 24 қыркүйекте атылған, ал ату жөніндегі «Үштіктің» қаулысы 1 қазанда шыққан. Тайжекең ұсталған жылы өзімен қоса 69 бет өлеңін қоса алып кеткен екен» деп естелік айтқан. Қай жерде, қалай қаза болғаны жайлы нақты дерек жоқ.

Қасымхан аға «Қарсақбайдың түрмесінде әкем араб тілінде қабырғаның бір шетіне:

Қандай иттің баласы,
Салды екен өсек араға.
Арызды тегіс айтуға,
Келмей де жатыр шамаға, – деп, өз қолымен жазып қалдырғандығын естідім» деп баспасөз беттеріне жазған мақаласында айтып кеткен. Тайжан «халық жауы» болып ұсталып түрмеге жабылды, ол «жапонның шпионы екен» деген хабар ақынның өлкесіне тез жайылды. «Содан 20 жыл бойы Тайжан аты аталмайды», – деп еске түсіреді Өмірбек Мұқанов.

Ақын Тайжан ұсталған жылы өзімен қоса 69 бет өлеңін қоса алып кеткен екен, соттың іс-қағаздарынан ол өлеңдерінің бірі де табылмайды. Тағы да ойландыратын жағдай ақынның қай жерде жерленгені әлі күнге дейін белгісіз. Біреулердің айтуынша, түйеге мінген НКВД адамдары бірнеше адамды арқанға байлап, жалаңаяқ сүйретіп, Қызылорда жаққа қарай бет алғандардың арасында ақынның болғандығын айтады. Шын мәнінде ақынның ақырғы күндері қалай аяқталғаны жұмбақ болып отыр.

«Заманың түлкі болса, қыран боп шал» дегендей, өз заманының қыраны бола білген ақын Тайжан да 1937 жылғы қуғын-сүргінге ұшырап, түрмеге қамалып, нақақтан атылып кетеді.

Қапаста көңіл қайғылы,
Көкірек толы санаға.
Дұшпанның сөзі сор болып,
Өтірік күйдім жалаға, – деп өзі айтқандай тоталитарлық жүйенің Голощекин бастаған, НКВД қостаған апатына абзал ақын ұшырады.

Үстем идеология Арқаның ақиық ақыны ел жадынан өшіруге қаншалықты күшті салғанымен, халықтың сәулелі санасы Ұлытаудан түлеп ұшқан ұланның ұлағатты есімін де, көркем сөз, сиқырлы әуенмен өрнектелген өрісті өнерінде ала дауыл кезеңнің алапатынан сақтап қалды. «Ащының дәмін білмеген, тұщыны қайдан сезінсін» деген халқымыздың аталы сөзі бар. Бабаларымыз бостандығын, жерін, тілі мен ділін, діні мен салт-дәстүрін сақтап қалу үшін арыстанша арпалысып, қисапсыз күрес жолынан өткен. Сталиндік зұлматқа ұшыраған Тайжан ақынның ұсталғаны, қалай жала жабылғаны жөніндегі әңгіменің бізге шет жағасы ғана белгілі. Тайжан ақынның ұсталғанын «пәлен» жерде көрдік, «түген» жерде көрдік деген жоба-жорамалдар ғана бар. Мәселе ертерек қолға алынып, қозғау салынғанда біраз шындықтың беті ашылар еді. Егер Тайжан ақынның өлімі туралы құжаттар құртылып жіберілмесе, Мемлекеттік қауіпсіздік Комитетінің том-том архивтерінің ішінен шығып қалуы әбден мүмкін. Болашақта оны да қарастырып, біраз жайдың бетін ашатын мүмкіндік туатын сияқты. Тек бұған қажырлы еңбек керек.

Манаш Қозыбаев «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар» деген мақаласында айтқандай, «аласұрған XX ғасырда қан сел болып аққан, көз жасынан пайда болған дарияға мөлие қарап, мұңлы болып батқан күнмен бірге мәңгілікке тартқан арыстардың» арасында Тайжан ақын да халық тарихынан өз орнын ала алады. Ұлылар санатына ілігіп, халық жадында қаһарман болып қала береді.

**Эльвира МҰХАМЕДИНА,**
**Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ғылыми қызметкері**

ЖЕЗҚАЗҒАН ТЕЛЕДИДАРЫНА 60 ЖЫЛ

**Зымырандай заулап бара жатқан қайран өмір. Күні кеше сияқты еді, Алматы жоғары партия мектебін бітіріп, Орталық Комитет ұйғарымымен Жезқазған теледидарына бас редактор болып келгенім. Па, шіркін ол бір ұмытылмас кез екен ғой.**



# ЕСТЕН КЕТПЕС ЕРЕКШЕ СӘТТЕР

Журналистика ғылымының білгірі Темірбек Қожакеев: «Мүмкіндігі болып жатса, қаламгер телевизияда да сынақтан өтсе, бұған ол қуанбаса, өкінбеуі керек» дейтін еді жарықтық. Толыққанды журналист болу үшін бұл жолда да бақ сынаудың қажеттігін мен өз өмір тәжірибемнен көрдім.

Телевизияның өзіндік қызығы да, қиындығы бар. Басқа салада жазу қабілетің бірінші планда тұрса, теледидарда алдымен ұйымдастырушылық шеберлік керек. Мысалы, іссапарға кинооператормен, кейде тіпті режиссермен бірге шығасың. Дайындайтын хабарыңа жергілікті жерден адамдар шақырасың, олардың қалай сөйлеу керектігін түсіндіресің. Оператор түсіріп келген кинолентаны монтаждайсың. Хабар міндетті түрде қажетті музыкамен әрленеді. Осы жұмыстың біреуі ақсап жатса, еңбегің еш болады. Сайып келгенде телевизиядағы жұмыс – ұжымдық еңбек. Сондықтан да кадрлармен жұмыс ең басты көрсеткіш. Әрине, мұның бәрі айтуға оңай болғанмен атқарылуы қиын шаруалар.

Кадрлар дегеннен шығады, теледидардың қызметкерлері маған бұрыннан таныс, жүзбе-жүз кездесіп жүрген адамдар. Жұмыс барысында бұл жәй таныстықтың жеткіліксіздігіне көзіміз жетті. Ендігі жұмыстың негізгісі – әріптестермен шығармашылық байланыс. Ол үшін жалаң үгіт-насихат жеткіліксіз, өзіңді шығармашылық жағынан таныта білу керек.

Телевизияның қыр-сырын теориялық тұрғыдан білгеніммен тәжірибеде – өзіңді іс үстінде көрсету қажеттігін түсіне бастадым. Режиссерлармен, операторлармен тіпті оны айтасыз, іссапарға бірге шығатын шоферлармен бір мақсатта жұмыс жүргізбесең, көштен қаласың. Мен үшін соны да тың, беймәлім салаға бейімделу міндеті бірінші кезекте тұрды. Осындай қиын сәттерде өзіндік тәжірибелерімен бөліскен телерадио журналистеріне алғыс айтам. Олар Сапабек Абайділденов, Шамхан Рахметов, Бекен Абайдуллин, Файзолла Қабылов. Режиссер және операторлардан Жанбау Бірманов, Аманжол Үсенов, Валентина Галяпина, Степан Денин, Анатолий Мойсенко.

Жасырмай бір шындықты айта кетейін, «Осы кісі бізді жол бастап, алып кете ала ма?» деген сұраулы сөйлеммен қарайтындар да болмай қойған жоқ. Бұл сынақтан сәтті өтудің жалғыз жолы бар, ол – қажымай-талмай еңбектену, іздену, біліміңді жетілдіру. Мен осы ұстанымда еңбек еттім. Іс-сапарларға шығып, арнайы хабарлар жасауға жүрексінбей кірістім. Операторлар түсіріп келген кинолентаоларды монтаждауға дейін араласты. Бір сөзбен айтқанда жоғарыда айтқанымдай, ұжымдық еңбектің басы-қасында өзім жүретін болдым. Үйрендім. Ысылдым. Өз қабілетімді жан-жақты көрсетуге тырыстым.

Естен кетпес ерекше сәттерді айтқанда алдымен есіме түсетіні Қазақстан телерадио комитетінің төрағасы Камал Сейтжанұлы Смайловты дала төсінде, ашық аспан астында дастархан жайып қарсы алуымыз еді. Мұндайда ерекше ынта жасауға, ұсыныс айтуға ыңғайлы Жанбау Бірманов еді.

– Көбейсін, елімізге министріміз Камал Смайылов келіпті ғой. Ертең туған жері – Ұлытауға сапарлайды. Мүмкіндік тауып, сол ағамызбен кездесіп қалайық, – деді Жәкең.

Өте орынды ұсыныс. Басқа емес, телерадио комитет төрағасы, өзі бізге жерлес болса, ол кісіні қарсы алғанның несі айып. Министрді көріп, ұжым марқайып қалады. Шалғайдағы телерадио қызметкерлерімен дидарласып, тілдесіп министр де риза болады. Осы ойларымызды тұжырымдай келіп, облыстық телерадио комитет төрағасы Рахымбай Жұматаевқа ұсыныс айтып едік, табиғатында сақ кісі алғашқыда:

– Осы сендер қайдағы бір шаруаларды таба қояды екенсіңдер. Бұларың не тағы, – деп бізге ұрсып алды.

– Раха, Сіз шақырып беріңізші. Қалған дүниені өзіміз жасаймыз, – дедік Жанбау екеуміз қосарланып.

Сөзді қысқарта айтқанда Рахаң шақыратын болды. Біз қадірменді қонақты қарсы алу жабдығына кірістік. Алдымен сойыс малын іздедік. Көктем кезі ғой, союға жарамды малды әрең таптық. Қозылы қой береміз деп бірісекті қарызға алдық. Май қымызы да табыла кетті. «Ақтасты бұлақта» жайлауда отырған белгілі ел ағасы — Әбекең аға Қоңырқұлжинов бүкіл ауылдың бие сауып отырған шаңырағына тапсырыс беріп, екі конистр сары қымызды машинамызға өзі тиеп берді. Қыздарымыз тұсақтың жас етіне үйлерінен әкеліп сұр-қазы-қарта, жалжая қосты. Түрлі түсті төсек көрпе-жастық әкелінді, түкті кілемдер төселіп, онсызда көркейіп тұрған дала төсі жайнап сала берді. Ауыз суды Сұлтан Жылқыбаев, Жанбау Бірманов өз машиналарымен тасыды. Бір сөзбен айтқанда әп-сәтте қойлы дала тойлы далаға айналып шыға келді. Жанбау екеуміз жеңіл машина мен күре жолдан мәртебелі қонағымызды күтіп алдық. Ашық аспан астында жайылған біздің кең дастарханымызға тізе бүкпес бұрын Камал аға жерден бір уыс жусан жұлып алды да алдымен өзі құшырлана иіскеп, қасындағы бәйбішесіне ұсынды. Сонда ағамыздың.

– Ұлытаудың жусанының, жұпар исі-ай, шіркін! – деген сөзі әлі құлағымызда.

Қайсыбірін айтайын. Телерадио комитеттегі өмірімде мұндай қимас сәттер көп болды. Мереке күндері ұжым мүшелерін құттықтап, әрқайсысына бір-екі шумақтан өлең арнап, қабырға газетін шығаруды дәстүрге айналдырдым. Кейіпкердің суретін іліп, оның астына өлеңмен сәлем жолдап, достық әзіл, ыстық лебіз айтушы едік. Сол өлеңдердің бірнешеуін оқырман назарына ұсына кетуді жөн көрдім. Достық әзілдер деген ортақ тақырыппен берілген өлеңдердің жадымда жатталып қалғаны мыналар еді.

**Жүрсінбек ЕРМАҒАНБЕТОВКЕ**
Жаңалықты жария етіп жүрсің көп,
Көрермендер сұрамайды «Кімсің?» – деп.
Қуаныштан соғар жүрек дүрсілдеп,
Туған күнің құтты болсын, Жүрсінбек.

**Бақыт МӘУКЕНОВАҒА**
Бақыттылар байқамайды уақытты,
Туған күннің таңы күліп атыпты.
Шын жүректен бақыт тілеп біз оған,
Бәріміз де құттықтаймыз Бақытты!

**Марат САНДЫҚБАЕВ пен режиссерлар Төлеу мен Ырыстыға**
**Бұрын:**
«Хабар бар – іні жайлы, аға жайлы»,
Хабар жоқ – ару жайлы, ана жайлы».
Осы ой Маратты әркез мазалайды,
Біракта сәті түсіп жаза алмайды.

**Бүгін:**
Көріп жұрт жақсы хабар «Қамажайды»,
Бір өзін он хабарға бағалайды.
Құттықтап Марат, Төлеу, Ырыстыны,
Арнадық кезекті бұл «Найзағайды».

**Сайлаубай ЖАҚЫПОВҚА**
Сайлаубай-ай, Сайлаубай,
Жағасы оның жайлауда-ай.
Мерекеде қыздарға,
Құттықтау хатты жаза алмай.
Жазғандарын жігіттер,
Тартпасынан таба алмай.
Санын соғып сандалды-ай!
Өлең жетпей Қарлығашқа,
Өкпелеп қарындас қалғандай.
Өлеңнің өткір тіліне,
Ашуланып біреулер.
Жоғары қарай аттанды-ай,
Жоғалып кетті Жақыпов.
Жалпағынан басып жалғанды-ай,
«Туған күнің» екен ғой,
Кешірейік мұныңды.
Қайталама бірақ та,
Сайлаубай-ай, Сайлаубай!

**Әсия АЙДАРХАНОВАҒА**
Жарты ғұмыр студияда өткердің,
Өте шықты белгісі жоқ өткен күн.
Жаңалығың жүректерде жатталсын,
Мерекесі құтты болсын, көктемнің.

**Гүлнаш ҚОШАНОВАҒА**
Жаңа аттадың өмірдің бел-белісін,
Әлі көп қой аласың да бересің.
Жақсы көрген жаңалықпен қоштасып,
«Хабар» атты «ауылға» қашан келесің.

**Ырысты ҚОЖАСОВАҒА**
Жүзім көзді, жайдары қыз Ырысты,
Тындырады, қыздырады жұмысты.
Мерекеңіз құтты болсын. Бір тілек –
«Қиқулатпай» дұрыстап жібер дыбысты.

**Бағила АХМЕТОВАҒА**
Бағиладай балауса гүл қарындас,
Жезқазғаннан басқа жерден табылмас.
Қызғалдақтай құлпыра бер, жайнай бер,
Жүрегің – жаз. Көңілің – көктем, жаның – жас.

**Сара ИСКАКОВАҒА**
Бүгін міне, мерекесі Сараның,
Жайнай берсін, жайнай берсін жанарың.
Жүрегің жаз, көктем болсын көңілің,
Жатырқама «құрылыстың алаңын».

**Төлеу ӘЛІМБАЕВАҒА**
Көктем келді. Ел думанға бөленді,
Өзіңе арнап айттық осы өлеңді.
«Жас Қайрат» пен «Сары Арқаның кештері»,
Құттықтайды өз тәтесі – Төлеуді.

**Оля КАКУБАЕВАҒА**
Қойып едік бір топ қызға «басшы» қып,
Ән мен күйден көргеміз жоқ тапшылық.
«Оля апай» бір өзіңе тілейміз,
8-ші марта сегіз түрлі жақсылық.

**Мира ЖАНАЛИЕВАҒА**
Жайнаған қала бүгін, дала бүгін,
Арнайды ақын Сізге жаңа жырын.
Көктемгі мерекеңіз құтты болсын,
Жаза бер жаңа заман жаңалығын.

**Балкүміс ДҮЙСЕНБЕКОВАҒА**
«Бір өзі тындырады бар жұмысты» –
Деп оған журналистер жалқынышты.
Бақ тілеп, мерекемен құттықтайды,
Қаламгер қауым біздің – Балкүмісті.

**Амангүл АРЫНБЕКОВАҒА**
Заман – жақсы, заман – дархан, заман – гүл,
Қайда жүрсең қарағым-ай аман жүр.
Дидарыңды сағынды ғой – Жезқазған,
Алматыдан тез оралшы, Амангүл.

**Дәрігүл ӘЛІМБАЕВАҒА**
Теледидар, Радио жаны бір,
Құрбылармен сәні де бір, әні бір.
Радиоңыз саңқылдасын, сайрасын,
Мерекеңіз құтты болсын, Дәрігүл.

Теледидар өміріне өзіндік қолтаңба қалдырған меншікті хабарларым «Қамажай», «Өнерге ғашық жүрекпен» еді. «Қамажайды» КПСС XXV съезінің делегаты ақын Зейнеп Әбілбекова жүргізді. Онда Нәписа Шенеуова, Хакима Жомартбаева сияқты ұлағатты ұстаздар ұрпақ тәрбиесі туралы үн қосты. «Қамажай» аясында келіншектерге кеңес деген айдармен ас әзірлеу, киім тігу, қонақ күту туралы насихаттаймыз деп жүргенде мен партияның жұмсауымен «Жезқазған туы» газетіне қызмет ауыстырдым. Телерадиодағы әріптестеріммен қимай қоштастым.

**Көбейсін ЕҢСЕБАЕВ,**
**Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.**

СОТ ЖҮЙЕСІ

# ТАТУЛАСУ – ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ЕҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

**Азаматтар арасында өзара татулық пен игі қарым-қатынас болса, ел арасындағы берекенің сақталуына сол негіз болмақ. ҚР Жоғарғы Сотының «Татуласу: сотқа дейін сотта» жобасының негізгі мақсаты – сот процесіне дейінгі және соттағы бітімгершілікті ұйымдастыру және азаматтар арасындағы татулық пен берекені сақтауға негіз болу.**

ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Қажманұлы «Сот төрелігінің жеті тасы» бағыты бойынша әзірленген «Сот тиімділігі – сот төрелігінің үшінші тасында» жобасында: «Даулар кез-келген қоғамда бар. Бірақ олардың барлығын сотта шешу мүмкін емес. Сот екі жақты бірдей қанағаттандыра алмайды. Ең тиімді жол – дауды сотсыз шешетін институттарды дамыту», – деп тұжырымдаған еді.

Біздің қоғамда адамдардың бір-біріне мейіріммен қарауы сонау қазақ халқының әдет-ғұрпынан бастау алады. Қазақ қоғамының көзқарасына сай сот билігінің түпкі мақсаты – дауласушы жақтарды табыстыру, татуластыру болған. «Дау мұраты – біту» деген сөз содан қалса керек.

Қазіргі таңда елімізде дауласушылар да, соттасушылар да көп деп тұтас халыққа мін таға алмаймыз, кінәлауға да болмайды. Бірақ сол сотқа жүгінушілердің кемшілігін айтпау мүмкін емес.

Кемшілік неде?

Біріншіден – кемшілік сол, еш уақытта кешірімді бола алмау. Екіншіден – қашан да тек менікі ғана жөн деуден танбау. Ата-бабамыз кешірімді бола білген. Ал қазіргі дауласқандар есік алдындағы көршісіне, тіпті өзінің ағайынына қарата қолданады мұны. Бұл қасиет қазақ халқына тән емес еді. Үшіншіден – біреудің қасіретінен жеке басына пайда табу халқымыздың санасына ұялағандай. Яғни, бұл тәнімізге қасірет болып сіңіп бара жатқан дерттен тез арада арылуымыз қажет.

Бұл аталған жайттар тізбесі бұдан көбірек болуы ықтимал. Дегенмен де, дауларды сотқа дейінгі реттеу ұлттық құқықтық мәдениеттің ерекшелігі болып табылатыны бәрімізге мәлім.

Қазіргі таңда дауды шешудің қандай балама әдістерін қолдана аламыз? Ол: медиация түрлері, оның ішінде: сот медиациясы, татуласу келісімдері, партисипативтік рәсім тәртібі, яғни адвокат – қорғаушының жүргізуі бойынша жүзеге асырылатын түрі.

Сонымен қатар, сот арқылы, сотқа дейін татуласудан басқа тағы да бір маңызды мәселе: көнеден қалған ғұрпымыз – ақсақалдардың татуластыру билігі. Осыны қазіргі кезде, заманына сай заңмен реттей, болашақта сотқа дейінгі татуласу процестеріне немесе жеңіл-желпі ағайын-туған арасында болып жататын кикілжіңдерге байланысты қолданса болар еді. Ол біздің менталитетімізге қайшы емес. Біз қазіргі таңда басқа өркениетті елдердің сот дауларын шешудің әдістерін қолданып жатқанда неге өзіміздің ұлттық әдісімізді қолданбасқа?

Бүгінде, дауларды шешудің балама әдістерін халқымызға кеңінен насихаттауда және осы мақсатқа жету жолында аға буын өкілдерінің бірден-бір ақыл-кеңестері өте құнды болмақ.

Татуласудың балама әдістерін қолданғанда халқымыз қандай оң нәтижеге қол жеткізеді? Біріншіден, дау-дамай сотсыз жылдам шешіледі. Екіншіден, уақыт пен қаржы шығыны үнемделеді. Үшіншіден, соттардың жүктемесі төмендейді. Төртіншіден, осының нәтижесінде қоғамда азаматтар мен заңды тұлғалар арақатынасында ауызбірлік қалыптасады. Бесіншіден, негізгі нәтиже: әрбір адамның санасында азаматтардың құқықтарын сыйлау мен құрметтеу ұғымы қалыптасады.

Бұл жөнінде Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов: «Татуласудың басты артықшылығы – ол тек дауды реттеп қана қоймай, сонымен бірге қарым-қатынасты сақтап, қалпына келтіреді. Тараптар өз еркімен, саналы түрде ортақ келісімге келеді. Екі жақ та қаласа, сот татуласу процесін бастау үшін істің қаралуын кез-келген сатыда тоқтата алады. Татуласу – дауды шешудің ең тиімді әдісі», – деп көрсетеді.

Яғни барлық жұмыс қара қылды қақ жарған билеріміздің дара жолын ұстана отырып, ел, азаматтар арасындағы өзара тыныштық пен берекені сақтауға бағдарлануы тиіс. Себебі, бұл жол – қоғамдағы құндылықтарымыздың жолы.

**Айнұр САБЫР,**
**№ 2 кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе меңгерушісі**

# ШАРУА немесе ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (жалға алу) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРСҚА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

| Лот № | Нысаналы мақсаты | Жер учаскесінің орналасқан жері (шаруашылық орталыққа дейінгі орташа қашықтық) | Көлемі, гектар | Жалға беру мерзімі, жыл | Алқаптар түрлері, балл бонитеті |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы жерлері** | | | | | |
| 1 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласынан шығысқа қарай 22 км жерде | 1700,0 | 49 жылға | Жайылым -1692,2 га, басқа түрі – 7,8 га |
| 2 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласынан солтүстік шығысқа қарай 13 км жерде | 2135,0 | 49 жылға | Жайылым – 2120,0 га, басқа түрі – 15,0 га, |
| 3 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласынан солтүстік шығысқа қарай 10 км жерде | 2000,0 | 49 жылға | Жайылым – 1981,0 га, басқа түрі – 19,0 га |
| **Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі жерлері** | | | | | |
| 4 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 41 км жерде | 1760,0 | 49 жылға | Жайылым – 1756,0 га, басқа түрі – 4,0 га |
| 5 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 29 км жерде | 1125,0 | 49 жылға | Жайылым – 1120,0 га, басқа түрі -5,0 га |
| 6 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстік шығысқа қарай 50 км жерде | 4380,0 | 49 жылға | Жайылым – 4366,0 га, басқа түрі – 14,0 га |
| 7 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 29 км жерде | 806,0 | 49 жылға | Жайылым – 800,0 га, басқа түрі – 6,0 га |
| 8 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 18 км жерде | 3700,0 | 49 жылға | Жайылым – 3688,0 га, басқа түрі – 18,0 га |
| 9 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 18 км жерде | 2469, 5284 | 49 жылға | Жайылым – 2455,5284 га, басқа түрі – 14,0 га |
| 10 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 45 км жерде | 800,0 | 49 жылға | Жайылым – 796,0 га, басқа түрі - 4,0 га |
| 11 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстікке қарай 3 км жерде | 2745,0 | 49 жылға | Жайылым – 2730,0 га, басқа түрі – 15,0 га |
| 12 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 27 км жерде | 1250,0 | 49 жылға | Жайылым – 1245,0 га, басқа түрі – 5,0 га |
| 13 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 30 км жерде | 450,0 | 49 жылға | Жайылым - 450,0 га, басқа түрі – 0,0 га |
| 14 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 32 км жерде | 3080,0 | 49 жылға | Жайылым - 3060,0 га, басқа түрі – 20,0 га |
| 15 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 30 км жерде | 910,0 | 49 жылға | Жайылым - 905,0 га, басқа түрі – 5,0 га |
| 16 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 35 км жерде | 985,0 | 49 жылға | Жайылым - 980,0 га, басқа түрі – 5,0 га |
| 17 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 49 км жерде | 2170,0 | 49 жылға | Жайылым – 1893,1 га, басқа түрі – 0276,9 га |
| 18 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстікке қарай 30 км жерде | 1830,0 | 49 жылға | Жайылым – 1764,85 га, басқа түрі – 65,15 га |
| 19 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстікке қарай 31 км жерде | 1640,0 | 49 жылға | Жайылым – 1610,8 га, басқа түрі – 29,2 га |
| 20 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстікке қарай 8 км жерде | 1033,0 | 49 жылға | Жайылым – 1028,8 га, басқа түрі – 4,2 га |
| 21 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан батысқа қарай 4 км жерде | 1185,0 | 49 жылға | Жайылым – 1134,3 га, басқа түрі – 50,7 га |
| 22 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 68 км жерде | 2150,0 | 49 жылға | Жайылым – 2111,8 га, басқа түрі – 38,2 га |
| 23 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 70 км жерде | 2044,0 | 49 жылға | Жайылым – 1701,0 га, басқа түрі – 343,0 га |
| 24 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 54 км жерде | 1050,0 | 49 жылға | Жайылым – 1002,95 га, басқа түрі – 47,05 га |
| 25 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 54 км жерде | 1400,0 | 49 жылға | Жайылым – 1315,2 га, басқа түрі – 84,8 га |
| 26 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 45 км жерде | 2551,0 | 49 жылға | Жайылым – 2541,05 га, басқа түрі – 9,95 га |
| 27 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстікке қарай 5 км жерде | 1422,0 | 49 жылға | Жайылым – 1417,2 га, басқа түрі – 4,8 га |
| **Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі** | | | | | |
| 28 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан шығысқа қарай 36,8 км жерде | 1337,0 | 49 жылға | Жайылым – 1330,0 га, басқа түрі – 7,0 га |
| 29 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан шығысқа қарай 91 км жерде | 3050,0 | 49 жылға | Жайылым – 3038,0 га, басқа түрі – 12,0 га |
| 30 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан шығысқа қарай 91 км жерде | 3034,0 | 49 жылға | Жайылым – 3021,0 га, басқа түрі – 13,0 га |
| 31 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан шығысқа қарай 25 км жерде | 1130,0 | 49 жылға | Жайылым – 1126,0 га, басқа түрі – 4,0 га |
| 32 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан шығысқа қарай 95 км жерде | 1030,0 | 49 жылға | Жайылым - 1028 га, басқа түрі – 2,0 га |
| 33 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 33 км жерде | 830,0 | 49 жылға | Жайылым – 829,0 га, басқа түрі – 1,0 га |
| 34 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 29 км жерде | 757,0 | 49 жылға | Жайылым – 752,0 га, басқа түрі – 5,0 га |
| 35 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 23 км жерде | 1007,0 | 49 жылға | Жайылым – 1000,0 га, басқа түрі – 7,0 га |
| 36 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 24 км жерде | 1550,0 | 49 жылға | Жайылым – 1545,0 га, басқа түрі – 5,0 га |
| 37 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 24 км жерде | 2555,0 | 49 жылға | Жайылым – 2550,0 га, басқа түрі – 5,0 га |
| 38 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 92 км жерде | 542,0 | 49 жылға | Жайылым – 541,0 га, басқа түрі – 1,0 га |
| 39 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 95 км жерде | 658,0 | 49 жылға | Жайылым – 656,0 га, басқа түрі – 2,0 га |
| 40 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 82 км жерде | 442,0 | 49 жылға | Жайылым – 439,0 га, басқа түрі – 3,0 га |
| 41 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстіке қарай 16 км жерде | 288,6 | 49 жылға | Жайылым – 287,25 га, басқа түрі – 1,35 га |
| 42 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кеңгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 29 км жерде | 1240,0 | 49 жылға | Жайылым – 1054,5 га, басқа түрі – 185,5 га |
| **Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап ауылдық округі** | | | | | |
| 43 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап ауылдық округі, Талап ауылынан батысқа қарай 15 км жерде | 1709,0 | 49 жылға | Жайылым – 1695,0 га, басқа түрі – 13,0 га |
| 44 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап ауылдық округі, Талап ауылынан батысқа қарай 15 км жерде | 1421, 581 | 49 жылға | Жайылым-1406,581 га, басқа түрі – 15,0 га |
| 45 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап ауылдық округі, Талап ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 3,5 км жерде | 720,0 | 49 жылға | Жайылым – 711,0 га, басқа түрі – 9,0 га |
| 46 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап ауылдық округі, Талап ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 10 км жерде | 1173, 4060 | 49 жылға | Жайылым-1157,4060 га, басқа түрі – 16,0 га |
| 47 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап ауылдық округі, Талап ауылынан батысқа қарай 23 км жерде | 3200,0 | 49 жылға | Жайылым – 3184,0 га, басқа түрі – 16,0 га |
| 48 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап ауылдық округі, Талап ауылынан батысқа қарай 20 км жерде | 195,0 | 49 жылға | Жайылым - 194,0 га, басқа түрі – 1,0 га |
| 49 | Шаруа қожалығын жүргізу үшін | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап ауылдық округі, Талап ауылынан батысқа қарай 16 км жерде | 73,4 | 49 жылға | Жайылым – 73,04 га, басқа түрі – 0,36 га |

Конкурсқа белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі. Конкурсқа ұсынылып отырған жер учаскелерін тиімді және жер заңнамалары талаптарына сәйкес пайдалану міндеттеледі. Өткізілетін конкурсқа қатысуға өтінім құжаттары конкурс өткізу жөніндегі ақпараттық хабарламаның баспасөз басылымдарында жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң 15 жұмыс күн ішінде яғни, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 ғимаратта орналасқан «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ-де 2019 жылғы 25 қарашадан бастап 2019 жылдың 9 желтоқсаны 18.00-ге дейін қабылданады. Өтінім құжаттары салынған конверттерді ашу рәсімі 2019 жылғы 10 желтоқсанда күні сағат 15.00-де мына мекенжайда: Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 мекенжайында орналасқан, қала әкімдігі ғимаратының мәжіліс залында өтеді.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген жеке тұлғаның конкурстық өтінімінде мынадай мәліметтер болуға тиісті: жеке тұлғаның куәлігінің (төлқұжат) немесе уақытша куәлігінің көшірмесі; конкурсқа қатысуға өтінім (түпнұсқасы). (Конкурсқа қатысуға ниет білдірген қатысушы бір немесе бірнеше жер учаскесіне конкурстық өтінім ұсына алады); қатысушы ұсынатын бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны; шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер; ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.); (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 және 2019 жылғы 1 тамыздағы №281 өзгерістер енгізілген бұйрығына сәйкес).

Конкурсқа байланысты қосымша деректерді **Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ-нен алуға болады, байланыс телефоны: 8(7102)733537, 733012**

**Конкурс комиссиясы**

# МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНДЕГІ ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН БЕРУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-бабы мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқық беру тәртібін реттейді.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-бабына сәйкес, мемлекеттің меншігіндегі қолданысқа берілмеген жер учаскелерін беру немесе жалдау құқығын беру сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) жүргізіледі.

**1.Сатуға арналған жер учаскесі:**

– Жер учаскесінің шекарасы айқындалғаннан;

– Жер учаскесінің нысаналы мақсаты және оның кадастрлық (бағалау) құны анықталғаннан;

– Сауда-саттық (конкурстарда, аукциондарда) өткізу туралы шешім қабылданғаннан;

– Сауда-саттық (конкурстарда, аукциондарда) өткізу туралы хабарлама жарияланғаннан кейін сауда-саттыққа шығарылады.

Сауда-саттыққа тек коммерциялық мақсаттағы жер уческелері қойылады.

Сауда-саттық жайлы кеңірек ақпарат базпа сөз беттерінде және Жезқазған қаласы әкімінің **jezkazgan.gov.kz** сайтында жараияланады.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабына сәйкес, мемлекеттік жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру осы бапта белгіленген тәртіппен және шарттарды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс негізінде жүзеге асырылады.

Жеке және заңды тұлғаларға шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына тапсырыс беруі қажет.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру жөніндегі конкурсқа тапсырыстар баспа-сөз беттерінде шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру жөніндегі конкурс жария етілген күннен бастап отыз күн өткеннен кейін жүргізіледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру жөніндегі конкурс жайлы ескерту баспа-сөз беттерінде жария етіледі.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 44-1 бабына сәйкес, жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері сұратылған кезде азаматтардың өтініштері (қолдаухаттары) арнайы есепке алынады және бөліп берілетін алаңдардың дайын болуына қарай не жеке тұрғын үй құрылысы үшін падаланылатын бос аумақтар бар болған кезде қанағаттандырылады.

Арнайы есепке қою кезінде азаматтар жеке тұрғын үй құрылысы үшін мемлекет құқық берген жер учаскелерінің бар немесе жоқ екендігі ескеріледі.

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін бөлу арнайы есебіне қоюға қатысты өтініштер ауданның, облыстың маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органымен жүргізіледі.

**«Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ**

# БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

**Жасөспірімдер қылмысы ел дамуына бөгет жасайтыны белгілі. Бесіктен белі шықпай жатып құқықбұзушылыққа барған жастар есейген сайын аса қауіпті қылмыстарға себеп болатындығы шындық. Осыған орай қалалық полиция басқармасы жедел жұмыс жоспарын құрып, сақтық шараларын күшейткен болатын. 2018 жылы қала бойынша жасөспірімдер арасында 12 құқықбұзушылық тіркелсе, биыл тоғыз ай ішінде 5 құқықбұзушылық орын алған. Бұл былтырғымен салыстырғанда жасөспірімдер қылмысының 58%-ға төмендегенін көрсетіп отыр.**

№ 13 жалпы орта білім беретін мектеп базасында қалалық жергілікті полиция басшысы, полиция полковнигі Аманжол Кәрімов, Жезқазған қаласы ПБ ӘПБ ЖҚТБ аға мемлекеттік автоинспекторы, полиция аға лейтенанты Шыңғыс Кенешбаев, Жезқазған қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПТ аға инспекторы, полиция майоры Жансәуле Құрманбаева және қалалық білім бөлімі тәрбие секторының меңгерушісі Гауһар Жақыпбекова мектептердегі тәрбие ісіне жауапты мамандармен кездесті.

– Жасөспірімдер арасындағы қылмыс көбіне ата-ана тарапынан бақылау болмағандықтан орын алады. Осыған байланысты биыл 60 ата-анаға қатысты хаттама толтырылып, ескерту жасалды. 1-30 қыркүйек арасында жасөспірімдер қатаң бақылауға алынды. Көбіне жасөспірімдер арасында ұрлық-қарлық жиі кездеседі. Бұл әрине, мектеп ішінде көп орын алады. Бізде мұғалімдерінің, құрдастарының ұялы телефонын ұрлау жағдайлары жиілеп отыр. Полиция басқармасы қызметкерлеріне педагог мамандардың көмегі аса қажет. Сондай-ақ, мектеп психологтары да балалармен жұмысты нығайтып, хабарлама жасап отырса, дер кезінде қылмыстың алдын алуға зор әсері болар еді, – деген Аманжол Кәрімов жалпы республикалық «Көрші бақылауы» бағдарламасына да тереңінен тоқталып, тұрғындарды өзара жанашырлыққа шақырды.

Балаларға төнер басты қауіптің бірі – педофилия. Осыған байланысты қаламызда 14 тұрғын тіркеуде тұрғанын жеткізген мамандар балаларды жалғыз қалдырмай, күдікті жағдай орын алса дереу тәртіп сақшыларына хабарласуға шақырды.

– Қазіргі таңда екі отбасыдан үш қыз бала хиджабқа рұқсат етілмегендіктен мектепке келуден бас тартқан. Олар – № 1 және № 9 мектептердің оқушылары. Осыған байланысты түсіндіру шараларын жүргіздік. Бірақ, терең агрессиялы ата-аналар біздің қызметкерлерді тыңдамақ түгілі үйлеріне кіргізбейді, тіпті, қол көтеру жағдайлары да орын алды. Біз бұл қыз балалардың білім алғанын қалаймыз. Қазіргі таңда аталған іс бойынша сотқа хат жолданды. Жауабын күтіп отырмыз, – деді жиын барысында сөз алған Гауһар Жақыпбекова. Сондай-ақ, ол 5-ауданда тұратын оқушылардың тұрмыс-жағдайының аса ауырлығын алға тартып, алаңдаушылық білдірді.

Шара соңында педагог мамандар Шыңғыс Кенешбаевқа оқушылардың жолдағы қауіпсіздіктеріне байланысты сұрақтар қойып, ұсыныстарын білдірді. № 7 Қ.И.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейі ауласы жанындағы көлік тұрағы, № 1 ЖОББМ ауласымен өтетін көліктер және № 13 ЖОББМ-не барар жолдағы жаяу жүргінші жолақтарының өшіп қалғандығы сынды мәселелер көтерілді. Ұстаздардың өтініш-тлектеріне құлақ асқан мамандар аталмыш мәселелер жауапсыз қалмайтындығына сендірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН

**Жезқазғандағы жылу-электр орталығын қаланың жүрегі, күретамыры деп атайды. Жылу-электр орталығының да өз тарихы, орталықтың тарихына өзіндік қолтаңба қалдырған ардагерлері бар. Сондай ардагерлердің бірі – Хаташ ҰЛДАНҰЛЫ. «Еңбек Қызыл Ту» орденінің, «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, еңбек ардагері, Жезқазған қаласының «Құрметті азаматы», Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің №665-ші жеке тектік қор иесі, ел ағасы Хаташ Ұлданов 90 жасқа келіп отыр.**

Хаташ Ұлданов 1929 жылы 25 қазанда бұрынғы Гурьев облысы, Новобогат ауданы, Жамбыл ауыл советі «Комсомол жолы» колхозында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген.

Ауыл мектебінен жеті сыныптық білім алған Хаташ Ұлданов өзі қатарлы буыны бекімеген, қабырғасы қатпаған, 12-15 жастағы ұл-қыздар секілді мал бағып, пішен дауындау, егін салу, сүт фермасында есепші сияқты жұмыстарды атқарып, еңбекке ерте араласқан. Олар «Бәрі де Отан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!»деген ұранмен тәулігіне 15-18 сағат жұмыс атқарған. 1946 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 6 маусымдағы қаулысы бойынша «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалімен отбасынан төрт адам марапатталған. Соның бірі – Хаташ Ұлданов.

Хаташ Ұлданов Жезқазған жеріне 1947 жылы келді. Сол жылдың қараша айында Қарағанды облысы, Қарсақбай ауданынан бір топ өкілдер барып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін жастарды оқуға тарту туралы арнайы жарлығымен таныстырып, аудандық әскери комиссариаты арқылы Атырау облысынан 160 бала осы өңірге аттанады. 17 күн жол жүріп, Қарсақбайға жеткен атыраулық жастар осындағы фабрика-зауыт оқуларына (ФЗО) қабылданады. Ал 1948 жылдың мамыр айында 19 бала арнайы жолдамамен Үлкен Жезқазғанға келген. Сол күннен бастап Х.Ұлдановтың алғашқы еңбек жолы Кеңгір жылжымалы электр стансасынан басталған. Ал 1952 жылы Жезқазған жылу электр орталығына ауыстырылып қатардағы слесарьдан бастап бригадир, аға мастер, прораб, бөлімше бастығы, турбина цехының жылу механикалық техникаларды жөндеу жөніндегі цех бастығының орынбасары қызметтерін табандылықпен атқарған. Жезқазған жылу электр орталығын өзінің екінші үйі деп санайтын Хаташ Ұлданов Жезқазған қаласының тұрғындарын тұрақты түрде жылумен және электр қуатымен қамтамасыз етуде біршама жауапты істерді атқара жүріп, 1992 жылы құрметті демалысқа шығады. 40 жылдан аса бір салада қажырлылықпен жұмыс жасаған қор иесі қоғамдық жұмыстардан да тыс қалмай өз үлесін қоса білген.

1959 жылдан коммунистік партия мүшесі, Жезқазған жылу электр орталығы партия ұйымының бюро мүшесі, сондай-ақ турбина цехының партия ұйымының хатшысы қызметтерін белсенділікпен атқара білген еңбекқор жан.

1987-2015 жылдар аралығында Жезқазған жылу электр орталығы соғыс және тыл ардагерлері кеңесінің төрағасы, ал 1989 жылдан бастап Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесінде соғыс және тыл ардагерлерінің әлеуметтік жағдайын бақылау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы болып қызмет еткен. Жезқазған қалалық атқару комитетінің бірнеше дүркін депутаты. Осындай елі үшін аянбай қызмет еткен қайратты жанның еңбегі үкімет тарапынан бағаланып отырды. 1963 жылы 12 мамырда «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленсе, 1970 жылы сәуірде социалистік жарыстағы жоғарғы көрсеткіштері үшін облыстық Лениндік Еңбек Даңқы кітабына есімі жазылған. 1972 жылдың желтоқсанында Жезқазған жылу электр орталығының «Еңбек ардагері» атағы берілген. Қаз.КСР Энергетика министрлігінің 1973 жылы 17.12. №199 бұйрығына сәйкес қор иесіне «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісі берілген. 1974 жылдың мамыр айында еңбектегі жоғарғы жетістіктері үшін және жас ұрпақ тәрбиесіндегі қажырлы еңбегі бағаланып, Х. Ұлданов «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Сонымен қоса Халық депутаттары Жезқазған қалалық Кеңесінің 1993 жылғы 3 наурыздағы №16/231 қаулысы бойынша энергетика саласының ардагері Х.Ұлдановқа «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Хаташ ақсақал қоғамдық жұмыстармен қатар, шығармашылықпен де айналысты. Жезқазған қаласының 60 жылдық мерейтойына орай Хаташ ақсақалдың жалындаған жастық шағының куәсі болған қала туралы, өткен өмірі туралы естеліктерін жинақтаған «Күз көңіл жинағы» атты кітабы жарыққа шықты. Тағлымдық мәні зор бұл жинақтың жастарға берер өнегесі мол.

Хаташ Ұлданов құжаттары мемлекеттік архивке 2016 жылы қабылданған болатын. Архивтегі №665 Хаташ Ұлдановтың жеке тектік қорының №1 тізімдемесіне 1939-2016 жылдарды қамтитын 26 іс, 148 құжат енгізілген. Қор құжаттары негізінен шығармашылығына байланысты құжаттары, қор иесінің жинаған құжаттары, Құрмет гратомаларының, алғыс хаттарының, жеке құжаттарының көшірмелері, сонымен қоса қор иесі туралы Ө. Мұқановтың, С.Жантуринаның, М.Саяжанқызының, В.Шипуновтың «Сарыарқа», «Индустриальная Караганда», «Жезказганская правда», «Мысты өңір» газеттерінде жарияланған мақалалары жинақталған. Ел ертеңіне жарайтын құнды құжаттармен Хаташ әкейдің жеке тектік қоры әлі де толықтырылады деген ойдамыз.



Еңбек жолын бұғанасы бекімей жатып сұрапыл соғыс жылдарында бастап, одан соң бақытын Жезқазған жерінен тапқан асыл азамат Хаташ Ұлданұлы бүгінде 90 жасқа толып отыр. Жезқазғанмен бірге өсіп-өнген азаматтың мерейтойы қаланың 65 жылдығымен тұстас келді.

Құрметті Хаташ Ұлданов, мерейлі мерейтойыңыз құтты болсын! Денсаулығыңыз күйлі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз! Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын!

**Қарлыға НАУРЫЗБАЕВА,**
**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің архивисі**

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫН БІРДЕЙЛЕНДІРУ

Жануарлардан алынатын өнімнің сапасын жақсартуға қол жеткізудің маңызды міндеттерінің бірі – ауылшаруашылық және үй жануарларының нақты және толық есебін ұйымдастыру. Ол үшін жануарларды сәйкестендіру процедурасы қолданылады.

Жануарларды бірдейлендіру – бұл ауылшаруашылық және үй жануарларын тіркеуге арналған жүйе, оның ішінде жануарға белгі беру арқылы жеке сәйкестендіру нөмірін беру, мемлекеттік ақпараттық жүйенің электрондық деректер базасында жануар туралы мәліметтерді тіркеу және жануарға ветеринариялық паспорт беру.

Сәйкестендіру нөмірін тасымалдаушы – бирка (оның ішінде топсалы), татуировка, тавро, чип және бірегей сандық кодты қамтитын басқа құралдар.

Біріншіден, сәйкестендіру процедурасы барлық меншік түріндегі фермаларда ауылшаруашылық және үй жануарларын тіркеуге және тіркеуге мүмкіндік береді, эпизоотиялық саулықты қолдайды, жануарлардың жұқпалы ауруларының көздері мен таралу қоздырғыштарын анықтауға мүмкіндік береді, мал өнімдері мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан сақталуын қамтамасыз етеді, мал ұрлығының алдын алу мүмкіндік береді.

Жануарларды бірдейлендіру – мемлекеттік қызмет болғандықтан, иесі өзінің малды сәйкестендіруге өтініш жазуы керек.

Неліктен сәйкестендіру қажет?

Мұндай талап ең алдымен, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, онда:

– бір жануарды басқасына алмастыра алмау;

– құтыру мен басқа жұқпалы ауруларға қарсы вакцинацияланбаған жануарларды тасымалдауды қоспағанда;

– жоғалған жағдайда малды иесіне қайтару, егер біреудің малы табылса, оның иесінің мекенжайын анықтайды.

Ауылшаруашылық және үй жануарларын тасымалдаған кезде, ветеринар тасымалдауға арналған жануардың жеке басын куәландыратын мәліметтер болған жағдайда ғана оны тасымалдауға ветеринариялық анықтама құжатты бере алады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен бекітілген және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру тәртібін анықтайды.

Жануарлардың санын есепке алу, сонымен қатар олардың қозғалысын бақылау мақсатында ауылшаруашылық жануарларын, жеке қосалқы учаскелерді, азаматтарды және шаруашылықтың барлық нысандарында әр жануарға бірегей нөмір беру арқылы бірдейлендіру жұмыстары жалғасуда.

**Алексей ГУДОВЩИКОВ,**
**Жезқазған қаласы ветеринария бөлімі басшысының м.а.**

# ПЕРЕЧЕНЬ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ, ВЫСТАВЛЯЕМЫХ НА КОНКУРС ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (аренды) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО или ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

| ЛОТ № | Целевое назначение | Местонахождения земельных участков (среднее расстояние до хозяйства) | Площадь, гектар (га) | Срок аренды год | Короткое сведение об участке (балл бонитет) |
|---|---|---|---|---|---|
| **Карагандинская область, город Жезказган** | | | | | |
| 1 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, 22 км к юго-западу от г. Жезказган | 1700,0 | на 49 лет | Пастбища -1692,2 га, прочие угодья – 7,8 га |
| 2 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, 13 км к юго-западу от г. Жезказган | 2135,0 | на 49 лет | Пастбища – 2120,0 га, прочие угодья – 15,0 га, |
| 3 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, 10 км к юго-западу от г. Жезказган | 2000,0 | на 49 лет | Пастбища – 1981,0 га, прочие угодья – 19,0 га |
| **Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ** | | | | | |
| 4 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 41 км востоку от с.Малшыбай | 1760,0 | на 49 лет | Пастбища – 1756,0 га, прочие угодья – 4,0 га |
| 5 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 29 км востоку от с.Малшыбай | 1125,0 | на 49 лет | Пастбища – 1120,0 га, прочие угодья -5,0 га |
| 6 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 50 км Северо-востоку от с.Малшыбай | 4380,0 | на 49 лет | Пастбища – 4366,0 га, прочие угодья – 14,0 га |
| 7 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 29 км востоку от с.Малшыбай | 806,0 | на 49 лет | Пастбища – 800,0 га, прочие угодья – 6,0 га |
| 8 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 18 км востоку от с.Малшыбай | 3700,0 | на 49 лет | Пастбища – 3688,0 га, прочие угодья – 18,0 га |
| 9 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 18 км востоку от с.Малшыбай | 2469,5284 | на 49 лет | Пастбища – 2455,5284 га, прочие угодья – 14,0 га |
| 10 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 45 км востоку от с.Малшыбай | 800,0 | на 49 лет | Пастбища – 796,0 га, прочие угодья - 4,0 га |
| 11 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 3 км от с.Малшыбай | 2745,0 | на 49 лет | Пастбища – 2730,0 га, прочие угодья – 15,0 га |
| 12 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 27 км к юго-востоку от с.Малшыбай | 1250,0 | на 49 лет | Пастбища – 1245,0 га, прочие угодья – 5,0 га |
| 13 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 30 км к юго-востоку от с.Малшыбай | 450,0 | на 49 лет | Пастбища - 450,0 га, прочие угодья – 0,0 га |
| 14 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 32 км к северу от с.Малшыбай | 3080,0 | на 49 лет | Пастбища - 3060,0 га, прочие угодья – 20,0 га |
| 15 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 30 км к востоку от с.Малшыбай | 910,0 | на 49 лет | Пастбища - 905,0 га, прочие угодья – 5,0 га |
| 16 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 35 км к востоку от с.Малшыбай | 985,0 | на 49 лет | Пастбища - 980,0 га, прочие угодья – 5,0 га |
| 17 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 49 км к востоку от с.Малшыбай | 2170,0 | на 49 лет | Пастбища – 1893,1 га, прочие угодья – 0276,9 га |
| 18 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 30 км к север от с.Малшыбай | 1830,0 | на 49 лет | Пастбища – 1764,85 га, прочие угодья – 65,15 га |
| 19 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 31 км к север от с.Малшыбай | 1640,0 | на 49 лет | Пастбища – 1610,8 га, прочие угодья – 29,2 га |
| 20 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 8 км к север от с.Малшыбай | 1033,0 | на 49 лет | Пастбища – 1028,8 га, прочие угодья – 4,2 га |
| 21 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 4 км к западу от с.Малшыбай | 1185,0 | на 49 лет | Пастбища – 1134,3 га, прочие угодья – 50,7 га |
| 22 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 68 км к север-востоку от с.Малшыбай | 2150,0 | на 49 лет | Пастбища – 2111,8 га, прочие угодья – 38,2 га |
| 23 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 70 км к север-востоку от с.Малшыбай | 2044,0 | на 49 лет | Пастбища – 1701,0 га, прочие угодья – 343,0 га |
| 24 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 54 км к востоку от с.Малшыбай | 1050,0 | на 49 лет | Пастбища – 1002,95 га, прочие угодья – 47,05 га |
| 25 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 54 км к северо-востоку от с.Малшыбай | 1400,0 | на 49 лет | Пастбища – 1315,2 га, прочие угодья – 84,8 га |
| 26 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 45 км к северо-востоку от с.Малшыбай | 2551,0 | на 49 лет | Пастбища – 2541,05 га, прочие угодья – 9,95 га |
| 27 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 5 км к северу от с.Малшыбай | 1422,0 | на 49 лет | Пастбища – 1417,2 га, прочие угодья – 4,8 га |
| **Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ** | | | | | |
| 28 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 36,8 км к северо-востоку от с.Кенгир | 1337,0 | на 49 лет | Пастбища – 1330,0 га, прочие угодья – 7,0 га |
| 29 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 91 км к северо-востоку от с.Кенгир | 3050,0 | на 49 лет | Пастбища – 3038,0 га, прочие угодья – 12,0 га |
| 30 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 91 км к северо-востоку от с.Кенгир | 3034,0 | на 49 лет | Пастбища – 3021,0 га, прочие угодья – 13,0 га |
| 31 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 25 км к северо-востоку от с.Кенгир | 1130,0 | на 49 лет | Пастбища – 1126,0 га, прочие угодья – 4,0 га |
| 32 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 95 км к северо-востоку от с.Кенгир | 1030,0 | на 49 лет | Пастбища - 1028 га, прочие угодья – 2,0 га |
| 33 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 33 км к северо-востоку от с.Кенгир | 830,0 | на 49 лет | Пастбища – 829,0 га, прочие угодья – 1,0 га |
| 34 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 29 км к северо-востоку от с.Кенгир | 757,0 | на 49 лет | Пастбища – 752,0 га, прочие угодья – 5,0 га |
| 35 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 23 км к северо-востоку от с.Кенгир | 1007,0 | на 49 лет | Пастбища – 1000,0 га, прочие угодья – 7,0 га |
| 36 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 24 км к северо-востоку от с.Кенгир | 1550,0 | на 49 лет | Пастбища – 1545,0 га, прочие угодья – 5,0 га |
| 37 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 24 км к северо-востоку от с.Кенгир | 2555,0 | на 49 лет | Пастбища – 2550,0 га, прочие угодья – 5,0 га |
| 38 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская обаcть, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 92 км к северо-востоку от с.Кенгир | 542,0 | на 49 лет | Пастбища – 541,0 га, прочие угодья – 1,0 га |
| 39 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 95 км к северо-востоку от с.Кенгир | 658,0 | на 49 лет | Пастбища – 656,0 га, прочие угодья – 2,0 га |
| 40 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 82 км к северо-востоку от с.Кенгир | 442,0 | на 49 лет | Пастбища – 439,0 га, прочие угодья – 3,0 га |
| 41 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 16 км к северу от с.Кенгир | 288,6 | на 49 лет | Пастбища – 287,25 га, прочие угодья – 1,35 га |
| 42 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 29 км к северо-востоку от с.Кенгир | 1240,0 | на 49 лет | Пастбища – 1054,5 га, прочие угодья – 185,5 га |
| **Карагандинская область, город Жезказган, Талапский сельский округ** | | | | | |
| 43 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Талапский сельский округ 15 км к западу от с.Талап | 1709,0 | на 49 лет | Пастбища – 1695,0 га, прочие угодья – 13,0 га |
| 44 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Талапский сельский округ 15 км к западу от с.Талап | 1421,581 | на 49 лет | Пастбища-1406,581 га, Прочие угодья – 15,0 га |
| 45 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Талапский сельский округ 3,5 км юго-западу от с.Талап | 720,0 | на 49 лет | Пастбища – 711,0 га, прочие угодья – 9,0 га |
| 46 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Талапский сельский округ 10 км к юго-западу от с.Талап | 1173,4060 | на 49 лет | Пастбища – 1157,4060 га, прочие угодья – 16,0 га |
| 47 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Талапский сельский округ 23 км к западу от с.Талап | 3200,0 | на 49 лет | Пастбища – 3184,0 га, прочие угодья – 16,0 га |
| 48 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Талапский сельский округ 20 км к западу от с.Талап | 195,0 | на 49 лет | Пастбища – 194,0 га, прочие угодья – 1,0 га |
| 49 | Для ведения крестьянского хозяйства | Карагандинская область, город Жезказган, Талапский сельский округ 16 км к западу от с.Талап | 73,4 | на 49 лет | Пастбища – 73,04 га, прочие угодья – 0,36 га |

В конкурс допускаются физические и юридические лица Республики Казахстан зарегистрированные в установленном порядке. Возлагаются обязательства по рациональному использованию земельных участков и в соответствий требований земельных законодательств выставляемых на конкурс. Приём заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства по истечении 30 календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования, приём и регистрация заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства осуществляются в течение 15 рабочих дней в ГУ «Отдел земельных отношений города Жезказгана» расположенный по адресу: Карагандинская область, город Жезказган, площадь Алаша, 1 с 25 ноября по 09 декабря 2019 года до 18-00 часов. Процедура вскрытия конвертов с конкурсными заявлениями проводится 15-00 часов 10 декабря 2019 года в зале заседаний городского акимата по адресу: Карагандинская область, город Жезказган, площадь Алаша, 1.

Конкурсная заявка физических и юридических лиц изъявившие желание участвовать в конкурсе должна содержать: копию удостоверения личности, заявку на участие в конкурсе (оригинал), участник изъявивший желание участвовать в конкурсе, предоставляет свою конкурсную заявку на один или несколько земельных участков, предлагаемый участником бизнес (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов а области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест; обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры; обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных Агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.) (Согласно приказу Замистителя Премьер-Министра Республики Казахстан-Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518 и 1 августа 2019 года за №281)

**Дополнительные сведения можно получить в ГУ «Отдел земельных отношений города Жезказгана» Карагандинская область, площадь Алаша, 1 телефон: 8(7102)733537, 733012**

**Конкурсная комиссия**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ЖАСТАРДЫ ЖІГЕРЛЕНДІРДІ

**Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы әр түрлі сала қызметкерлерінен бөлек жастар арасында да қарқынды түсіндіріле бастады.**

Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің бас маманы Әсем Жұмағұлова мен Жезқазған қалалық бизнес және көлік колледжінің тарих пәнінің оқытушысы Надежда Дисекенова бастаған ақпарттық-насихаттау тобы өз жұмыстарын аймақтың өнерпаз жастары шоғырланған Жезқазған музыкалық колледжі шаңырағынан бастады.

Кездесуге білім ордасының директоры Жұмат Аманбеков бастаған колледж студенттері мен оқытушылары қатысты.

– Алғаш рет еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылы өз Жолдауын жариялаған болатын. Содан бері жыл сайын барша қазақстандықтар асыға күтетін дәстүрлі оқиғаға айналды. Үй қабырғасының мықты болуы үшін, алдымен, оның іргетасы дұрыс қалануы керек. Мен мемлекеттің басты іргетасына оның экономикасын жатқызар едім. Сол сияқты жан-жақты мәселелер қамтылып, ел дамуының басты міндеттерін тура айқындаған Жолдау ғана мемлекет экономикасын берік етеді. Ал, экономиканы алға дөңгелететін басты күш білімді де білікті жастар екендігін естен шығармауымыз керек, – деді өз сөзінде Надежда Дисекенова.

Жиын барысында ол Президент атап өткен әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңдері, яғни, білім беру сапасын жақсарту, отбасы және бала институтын қолдау, инклюзивті қоғам құру, медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, әлеуметтік көмек көрсету саласын дамыту, еліміздің зейнетақы жүйесін дамыту мәселелеріне кеңінен тоқталды.

Сондай-ақ, соңғы жылдарда білім беру саласына жедел түрде енгізіліп, жүзеге асырылып жатқан инклюзивті білім беру жұмыстары туралы сөз еткен Надежда Дисекенова елімізде 80 000-нан астам мүмкіндігі шектеулі




жас бар екендігін мәлімдеді. Өзі қызмет ететін Жезқазған бизнес және көлік колледжінде де екі жанары көрмейтін және екі құлағы мүлде естімейтін жастардың білім алатындығын атап өткен ол, олардың білім алуға деген ерекше құштарлықтары мен таудай талаптарын мысал етіп, дене мүшесінің кемістігі арман жолында ешқандай кедергі еместігін дәлелдеп, жастарға жігер сыйлады.

– Мен тарихшы маман ретінде өз студенттеріме Америка Құрама Штаттарына әлемдік кризис және Екінші дүниежүзілк соғыс кезінде басшылық еткен Президент, әйгілі саясаткер Франклин Рузвельт туралы жиі айтып отырамын. Неге дерсіздер, себебі ол – екі аяғы істен шығып, мүгедектер арбасына таңылғанына қарамастан төрт рет Президенттікке сайланған ел тарихындағы жалғыз президент. Адам рухани мықтылығын сақтап қалғанда ғана биік шыңдарды бағындырады. Сол себепті, құрметті жастар, мен сіздерге өмірде кездескен алуан түрлі қиындықтарға шағылмай, еңселеріңізді тік ұстап, алған беттеріңізден қайтпай, қайсарлықпен арман-мұраттарыңызға жетулеріңізді тілеймін, – деп сөзін қорытындылады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ БАР

**Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру және талқылауды мақсат тұтқан қалалық ақпараттық-насихаттау тобының кезекті аялдамасы Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжі болды. Бұл жолғы жиынға спикерлік еткен Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Арман Кенжебек сөз басын «Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын оқып шығып, таныстыңыздар ма?» деген сұрақтан бастады. Сұрақ бойынша студенттердің көп бөлігі Жолдау жайынан хабарсыз болып шықты.**

– Бұл үшін біз сіздерді кінәлай алмаймыз. Себебі, біздің ақпараттық-насихаттау тобының басты міндеті де – осы, яғни, Президент Жолдауын ел арасында кең көлемде насихаттау және түсіндіру. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталатын мемлекет басшысының Жолдауын мен үш рет қайталап оқып шықтым. Және бір байқағаным, бұл Жолдауда бұрынғыларынан өзгерек. Нақтылық басымырақ көрініс тапқан. Сондай-ақ, Жолдауда ел арасындағы басты мәселелерге айналған жайттар сұрыптала келе, айқын мақсатты жолмен жазылып шыққан. Және бұл Жолдаудың тілі қарапайымдылығымен, бұқара халыққа түсініктілігімен ерекшеленеді, – деді өз сөзінде ол.

Жұмысшы мамандықтарында оқитын жастар санын көбейту, олардың шәкіртақысын 30 %-ға дейін арттыру туралы да сөз еткен ол жастарға нарық талабына сай мамандықтар бойынша жұмыс табу мүмкіндігі жоғары екендігін атап өтіп, Жолдау негізінде халық арасында түрлі пікірталас тудырған зейнетақы қоры, білім және денсаулық сақтау салалары, педофилизмнің алдын алу сынды мәселелерге тоқталды.

Сондай-ақ, Жастар жылының бірер айдан соң қорытындыланатын еске салған Арман Кенжебек Қасым-Жомарт Тоқаевтың келер 2020 жылды Еріктілер жылы деп жарияланғандығы жастар үшін өте тиімді екендігін атап өтті.

– Қазақ халқында «Асар» деген дәстүр бар. Бұл




дегеніміз – бір шаруаны бастаған адамға ағайын-туыс, көрші-қолаңның көмектесіп, қолқанат етуі. Міне, мен волонтерлікті де осы дәстүрмен салыстырар едім. Өз еркіңмен бір адамға немесе белгілі бір жұмысқа көмегіңді тигізу арқылы бүкіл қоғамға пайдаңды тигізуге болады. Бұл бір жағынан жастардың уақытын тиімді пайдаланып, таным-түсінігін кеңейтуге мүмкіндік береді, – деп атап өткен Арман Кенжебек жоғары оқу орындарында белсенді, волонтерлікпен айналысқысы келетін жастар туралы Білім және ғылым министрлігінен арнайы хат келгені туралы хабардар етті. Хат негізінде ерікті болуға ниетті кез келген жас volontery.kz сайтына тіркелу арқылы өзінің қолынан келетін волонтерлік жұмысын ұсына алатындығын, сол арқылы мемлекет оған қаржылай көмек көрсететіндігімен ақпараттандырды.

– Бүгін Президент Жолдауы туралы біраз мағлұмат алдым. Жастар жылының жалғасындай болған Еріктілер жылы туралы да жаңа ақпараттар білдім. Бұл көптеген жастарды, оның ішінде әлі білім алып жатқан студент жастар үшін өте тиімді деп ойлаймын. Алдағы уақытта Жолдаудың толық мәтінін міндетті түрде оқып шығамын, – деген дене шынықтыру және спорт мамандығының II курс студенті Ғалымжан Сапарбекұлы ақпараттық-түсіндіру тобының өкілдеріне алғысын білдірді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## *Құрметті Хаташ Ұлданұлы Ұлданов*



*Қалалық ардагерлер кеңесі Сізді торқалы 90 жасыңызбен шын жүректен құттықтайды.*

*Сіз ардагерлер қозғалысының ең белсенді мүшесі бола отырып ұзақ жылдар бойы қалалық кеңес президиумына мүшелік еттіңіз. Өңірдің дамуына қосқан үлесіңіз де ұшан-теңіз. Сіздің бай өмірлік тәжірибеңіз,кәсібилігіңіз бен біліктілігіңіз жас ұрпаққа үлгі-өнеге.*

*Сізді торқалы тойыңызбен құттықтаймыз. Басыңызға амандық, мықты денсаулық пен отбасыңызға бақ-береке тілейміз.*

***Ізгі тілекпен:* қалалық ардагерлер кеңесі**

## *Құрметті Ләззат Мәуленқызы Омарова!*



*Бала жанының бағбаны атанған Сізді мерейлі жасыңызбен құттықтаймыз. Алдыңызға келген әр оқушыны өз балаңыздан кем көрмей, білім әлеміне жетелеп, оңы мен солын таныттыңыз. Сол үшін ата-аналар қауымының алғысын арқалап, ризашылығына бөлендіңіз. Жылжып жылдар өтсе де, біз Сіздің өз ісіңізге деген адалдығыңызды ұмытпаймыз. Бағалаймыз.*

*Мерейлі жасыңызбен құттықтай отырып, Сізге отбасыңыздың амандығын, деніңіздің саулығын тілейміз. Еңбегіңіз жемісті болсын.*

***Ізгі тілекпен:* Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің ата-аналары**

ЛЕБІЗ

## Теректіде туған жыр

***(Бекзат Үмбетовке)***

Көрген жайды біз әркезде көпке айттық,
Кейде барды, кейде әрине жоқты айттық.
Құрмет жасап Бекзат інім Үмбетов,
Біз «Теректі Әулиеде» боп қайттық.

Талай рет барған шығар пысықтар,
Киелі жер, әркім дертін ұшықтар.
Бізбен бірге һәм журналист Төлешпен,
Бұзау болыс шөбересі Жүсіп бар.

Жақсы ұсыныс бір ауыздан қоштадық,
Бекзат бізді шу қаладан қашты алып.
...Әруақтарға көрсетуді құрметті,
Аппаз абыз ақсақалдан бастадық.

Қимайтындай жандар бар-ау өлдіге,
Мәңгілікке солар жатқан, жер міне.
Сосын бұрдық аттың басын арнайы,
Дара дарын Жақаң-Жақсыкелдіге.

Бекзат жолға берген екен зор маңыз,
Жол азыққа толы қоржын, дорбамыз.
Өте жақсы оқиды екен құранды,
Мықты болып шықты Жүсіп молдамыз.

Көпті көрген көнелерді куә ғып,
Әр молаға, әр обаға дұға ғып.
Жетекшіміз межелеген мезгілде,
Әулиелер мекеніне құладық.

Жақсылардан қалған жолдар нұрлы ма ед?,
Құлақтағы күмбездердің күңгірі ед.
Біз барғанда қасиетті мекенде,
Бізден басқа қонақтар да жүрді көп.

Тұнған тарих тасобалар төсі анық,
Сан жұмбақтар қалған таста қашалып.
Өтіп небір қылпуыттан қызықты,
Жасалатын ырымдарды жасадық.

Сызат салған кер заманның бұрқағы,
Орын екен құнарлы да құйқалы.
Қарсыз күні «Сырғанақтан» сырғанап,
Шөлді бастық бұлағынан шипалы.

Ас-су ішіп отыр едік қырда бір,
Есте қалар болды оқиға бұл да бір.
«Жүріңіздер, мал соямын үйге деп»,
Жабысты кеп Ерлан атты бір бауыр.

Үйі екен жаңа жолда қалған үй,
Үлкен-үлкен қора-жайды салған үй.
Ерекеңнен біз рұқсат сұрадық,
«Теректіде күтіп жатыр Байғали».

Тоған жатты толқып аққан бүйірде,
Көңіл шіркін көкке өрлеген күйінде.
Сәтті сапар тапты жақсы жалғасын,
Теректіде Байғалидың үйінде.

Кездесулер керемет қой бүгінгі,
Бас қосылды бауырлармен бұрынғы.
Еркін айтып Жаңаарқадан естелік,
Қалдаш менің жатқа оқыды жырымды.

Өрге тартқан ауылдары арбасын,



Жігіттерді Құдай өзі қолдасын.
Жүздесудің шын шырайын кіргізіп,
Ләззат келін дайындапты дәмді асын.

Көңілдерін қонақтарға гүл етіп,
Өңірлерін әнге қосып жыр етіп.
Жатыр екен Теректілік жігіттер,
Алтын бесік ауылдарын түлетіп.

Оларменен біз де бірге шаттандық,
Оларменен біз де бірге мақтандық.
Риза болып пейіл-көңілдеріне,
Түн ортасы Жезқазғанға аттандық.

**Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ.**
**Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# АЙЫПТАУ САҒАТЫН ӨТКІЗДІ

**Сыбайлас жемқорлық еліміздің алға басуына кедергі келтіреді және біздің қоғамымыздың ең басты қауіп-қатерлерінің бірі. Осынау қоғам дертінің дендеуіне тосқауыл болу мақсатында Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері №11 орта мектептің 10-сынып оқушыларының қатысуымен «Сыбайлас жемқорлық – қоғамды жайлаған індет» атты айыптау сағатын өткізді.**

Шарада кітапханашылар сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығын айтты. Сонымен қатар, оқушылардың назарына «Сыбайлас жемқорлық заңмен қудаланады» және «Сыбайлас жемқорлық» бейнеролигі мен арнайы дайындаған «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты слайд көрсетілді. Кітапханашы А.Смағұлова «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – жалпы қоғамдық міндет» атты кітап көрмесіне шолу жасап, оқушыларды сұрақ-жауап форматында әңгімеге тартты. Өз ойларын ортаға салып, белсенділік танытқан оқушылар сыбайлас жемқорлық пен парақорлық хақында білімдері барын көрсетті.

Жемқорлық фактілері турасында нақты мысалдар келтірілген айыптау сағатында қатысушылар білімдерін толықтырып, сыбайлас жемқорлыққа мүлде төзбеушілік көзқарасын қалыптастырғандай болды.

**Құралай ҚОЖЫРБАЕВА,**
**Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы**

# РУХАНИ КЕЛІСІМ – БЕЙБІТШІЛІК БАСТАУЫ

**1992 жылдың 18 қазанында ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Алматыда бірінші бүкіләлемдік рухани келісім конгресі өтті. Міне, содан бері елімізде Рухани келісім күнін қазанда атап өту дәстүрге айналған. Биыл ішкі саясат бөлімінің конфессияаралық қатынастардың мәселелерін зерттеу және сараптау орталығы қала жастарының қатысуымен «No extremism, no terrorism» акциясын ұйымдастырды.**

Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде өткен шараға барлығы 100 жас тартылды. Олар бүгінгі таңда өркениетке қауіп төндірген терроризм мен экстремизмге қарсылықтарын флеш-мобпен, патриоттық әндермен жеткізді. Өнерлерін ортаға салған байдарка және каноэ мектебінің тәрбиеленушілері бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді ту еткен елімізде жас ұрпақтың өсіп, өнуіне, білім алуына барлық жағдай жасалғанын паш етті. «Ел тыныш, ел аман, бірлігіміз жарасқан» деп ұрандатқан жастар елімізде қалыптасқан дінаралық татулық пен тұрақтылық мәңгі жасасын деген тілектерін ақ шарға түйіп, көкке ұшырды. Белсенді жастардың өнері мен ұстанымдарына тәнті болған қонақтардың арасынан сөз алған Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Зинаида Чумакова:

– Үздік отыздыққа беттеген еліміздің басты баға жетпес құндылығы – рухани келісім. Біздегі ұлттар мен дәстүрлі діндер арасындағы бірлік өзге елдерге үлгі-өнеге екені шындық. Тәуелсіз Қазақстанның аз-кем уақыттың ішінде әлем мойындаған мемлекетке айналып, жеткен жетістіктері де – бірліктің жемісі. 140-тан астам ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына жинаған Қазақстанның тұғыры биік болуы мына сендерге байланысты. Қолымызда бар татулықты жоғалтып алмау жас ұрпақтың міндеті, – деді. Оның сөзін жалғаған «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Майра Мусина «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген нақылдардың мағынасын тарқатса, «Русская община Казахстана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нина Барьбутко еліміздегі бейбіт келісімді көздің қарашығындай



сақтау мен нығайтуға шақырды.

Шара дөңгелек үстел басындағы тағлымды кездесумен жалғасты. Алғаш сөз алған Қарағанды облысының дін істері жөніндегі басқарманың дінтанушысы Серік Тілекбаев ел бірлігі мен ұлт тұтастығына қауіп төндірген жат ағымдардан сақтанудың жолдарын нұсқап, оны ауыздықтауда да ел болып күресу қажеттігін айтты. Рухани келісім күніне мемлекеттік мереке мәртебесін беру артық етпейтінін тілге тиек еткен Анатолий Крючков балалық шағына саяхат жасап, Бірінші ауылда бір үйдің балаларындай болып өскен замандастарын, ауыл ақсақалдарын ыстық ықыласпен еске алды. «Ақ әжелер» ансамблінің ән шашуымен әрленген кездесуде ынтымақтастықты арттыру жолында этно-мәдени бірлестіктерді жұмылдыру ұсынылды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# СӨЗ ЖҮЙРІКТЕРІ ДАРАЛАНДЫ

**Қаламыздың № 1 орта мектепте Жезқазған қаласы әкімінің кубогіне арналған пікірсайыс турнирі өтті. Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығы және «Ұлытау қыздары» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырған пікірсайыс «Жезқазған – жасампаз жастар қаласы» тақырыбында қызу талқы алаңына айналды.**

22 командадан 66 спикер қатысқан шарада сөзге жүйрік жастар «Кешегі және бүгінгі Жезқазған», «Болашақтағы Жезқазған», «Жезқазғандағы жастар», «Қала жастарын алаңдатқан мәселелер», «Жастар қаламыз үшін не істей алады?» сынды мәселелерге шолу жасап, өз ойларын нақты дәлелді және шебер көркемдікпен жеткізуге тырысты. Шараға Жезқазған-Ұлытау аймағы мектептерінің оқушылары мен мектептен кейінгі білім ошақтарының сөз шеберлері қатысты.

Әрине қызыл тілді серік етіп, нақты да тура ақпараттарды қолдану арқылы ізденімпаздықтарын танытқан жастар арасында мықтыларды анықтау оңай болмады. Сайыс қорытындысы нәтижесінде қазақша лига бойынша 12, орысша лигада 6 спикер үздік деп танылды. «Ұлытау қыздары» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Рахыш Нәшкенқызы үздік спикерлерге медальдар мен сертификаттарды табыс етті. Қазақша лига пікірсайысы бойынша III орынды № 1 Ұлытау орта мектебінің «Ұлытау» командасы, II орынды Сәтбаев қаласы жастарынан құралған «Жалын» командасы, ал I орынды Жезқазған қаласы әкімінің кубогін № 5 ЖОББМ-нің «Ақ орда» командасы қанжығалады. Ал, орыс тіліндегі пікірсайыс лигасының III орнын № 3 ЖОББМ-нің «ДАН» командасы, II орынды Жезқазған гуманитарлық колледжінің «ЖезГум» командасы және әкім кубогын жүзден жүйрік шыққан №26 гимназияның «Тандем» командасы иеленді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ТӘРБИЕ

# АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІН ЖАТҚА АЙТТЫ




**Ұлы ақын, композитор, философ, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай №5 «Тамаша» бөбекжайында «Әсемпаз болма әрнеге...» атты Абай оқулары өтті.**

Абай – атасынан кемеңгер, анасынан дана болып жаратылып, еліне пана бола білген өз заманынан ойы озық туған ғұлама. Халқының мұңшысы, ұлы ақыны. Өз ұлтын өркендеген өнегелі елдің қатарында көруді көксеген ойшыл ақын балаларды оқу білімге, ғылымға шақырған. Қалалық Абай оқулары конкурсының мақсаты да осы еді. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлендерін насихаттай отырып, өскелең ұрпақтың бойында ізгі қасиеттерді қалыптастыруды міндет еткен байқауға мектепке дейінгі 14 мекемеден тәрбиеленушілер қатысты. Әрбір өнерпаз Абайдың бір өлеңін жатқа айтты.

Байқау өнер мектебі мен музыкалық колледждің оқушылары мен ұстаздары әзірлеген домбыраның сүйемелдеуіндегі «Тау ішінде» және жетігенмен орындалған «Желсіз түнде жарық ай» әндерімен ашылды. Ал, №5 «Тамаша» бөбекжайының жас буын тәрбиешілері Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін нақышына келтіріп, жанды дауыста шырқады. Абай оқуының қорытындысы бойынша бас жүлдені №6 «Балауса» бөбекжайының тәрбиеленушісі Әлима Болат иеленді. Жүлделі I орынды №7 «Айгөлек» бөбекжайының тәрбиеленушісі Мәриям Молдабай, II орынды №5 «Тамаша» мен №10 «Ұшқын» бөбекжайларының тәрбиеленушілері София Мирошникова, Әлішер Жеңісбек, III орынды №2 «Айналайын», №8 «Айсұлу», №12 «Салтанат», №13 «Ертөстік», №14 «Балдырған» және №15 «Гүлдер» бөбекжайларының тәрбиеленушілері жеңіп алды. Жеңімпаздар арнайы мақтау қағаздарымен марапатталды.

Тәуелсіз Қазақстан елі әлемдік өркениет көшіне жол тартқан тарихи кезеңде хакім Абайдың асыл мұралары болашаққа жол бастап, темірқазық болып отыр. Артына өлмейтұғын сөз қалдырған ұлы ақынның шығармаларын кейінгі толқын көкірегіне тоқып, көңіліне шамшырақ етіп алары сөзсіз. Біздер, тәрбиешілер бұл жолда аянып қалмақ емеспіз.

**Аманкүл ШАЙКЕЖАНОВА,**
**№5 «Тамаша» КМҚК бөбекжайының инновация бойынша әдіскері**